



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# БАЙҚАУДЫҢ БЕСІНШІ БЕЛЕСІ



Жанрлық түр ретінде XIX ғасырда ғана пайда болғанымен, түп-тамыры одан әлдеқайда ерте дәуірлерден басталатын детектив бүгінгі таңда негізінен әдебиет пен кинода көбірек көрініс тауып жүр. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап оқырманы мен көрермені жағынан әдебиет пен кинода детективтің салмағы басым болды. Өкінішке қарай, бұл үрдіс соңғы онжылдықтарда сиреп, бұл жанрға қалам тартушылар азайған. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары бүкіл әдебиет саласы да елдің өзге салаларындай тоқырады. Қаламгерлердің жай-күйі, оларға бюджеттен түсетін қаражат мәселесі, қаламақы төлеу заңдылықтары да өліара кезеңді басынан кешірді. Детективтің дамуына мүдделі Ішкі істер министрлігінің де Қазақ жазушылар одағымен бірлесіп өткізіп жүрген детектив шығармаларға арналған байқауы тоқтады.

(Соңы 3-бетте)

ӘДІЛЕТ

## ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

Астана қаласы Әділет департаментінің негізгі міндеті «Әділет органдары туралы» ҚР заңының 1-бабында атап көрсетілгендей, өз құзыреті шегінде мемлекеттің қызметін құқықтық қамтамасыз етуді жүзеге асыру, мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың жұмысында заңдылық режиміне қолдау жасау, азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету болып табылады. Сонымен қатар департамент өзінің күнделікті қызметінде «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңды негізге алады.

Осы міндеттерді жүзеге асыру жолында департамент ҚР заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді, сондай-ақ, ҚР халықаралық шарттарын, ҚР Әділет министрлігінің құқықтық актілері мен алға қойған міндеттерін басшылыққа алады.

Бүгінгі таңда департаменттің бүкіл құрылымы осы міндеттерді жүзеге асыруға жұмылдырылуда. Ұжымды қайта ұйымдастыру барысында осы құрылымдардың алдағы уақытта атқарар қызметі нақтыланды. Қазіргі уақытта департаментте 6 бөлім, атап айтқанда, әкімшілік-құқықтық, қаржы және материалдық-техникалық қамтамасыз ету, әдістемелік қамтамасыз ету және тіркеу қызметі саласындағы бақылау, құқықтық түсіндіру жұмысы және халыққа заң көмегін көрсету, зияткерлік

меншік құқықтары, атқарушылық өндірісті қамтамасыз ету, мүліктік емес сипаттағы талаптарды орындау жөніндегі аумақтық бөлімдер жұмыс істейді. Сонымен қатар, департамент қала бойынша аудандарға бөлінбегендіктен Алматы, Байқоңыр, Есіл, Сарыарқа аудандары бойынша Сот актілерін орындау жөніндегі аумақтық бөлімдер құрылған. Олардың бүкіл қызметі елорда тұрғындарына қалтқысыз құқықтық қызмет көрсетуге бағытталып отыр.

Халықпен жанды байланыс орнату департаменттің алдында тұрған ең басты міндет. Осы бағытта бүгінгі таңда белгілі бір жұмыстар атқарылып жатыр. Астана қаласы тұрғындарының арыз-шағымдарын тыңдау үшін оларды қабылдау бойынша заманауи тәсілдерді пайдалануға күш

(Соңы 2-бетте)



«МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ»  
МӨРЕГЕ ЖЕТТІ

5-бет



КСРО-НЫҢ АЛҒАШҚЫ  
ХАКЕРІ КІМ?

6-бет



ҮТІКТЕГІ ҚАН

8-бет

САРАП

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КӘСІПОДАҚТЫҢ ПӘРМЕНІ ҚАНДАЙ?

Жүсіп Баласағұн атындағы Кыргыз ұлттық университетінде (Кыргыз Республикасы) Университеттердің кәсіподақтар ұйымдары Еуразиялық қауымдастығының XXXIV съезі өтті. Съезд «Университеттердегі кәсіподақ қозғалысының ұлттық және өңірлік ерекшеліктері: заңнамалық аспектілері және қызметтерінің іс-тәжірибесі» деген тақырыпта өрбіді.

Съезд жұмысына Ресей, Армения, Беларусь, Қазақстан, Кыргызстан елдеріндегі 33 университеттің кәсіподақ ұйымдарының басшылары қоса алғанда 62 делегат қатысты.

Съезд делегаттарына М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры Виктор Садовничий бейне құттықтау жолдады.

(Соңы 5-бетте)




# ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ АУЫР

(Соңы. Басы 1-бетте)

Департаменттің өткен кезең ішінде заңды тұлғаларды тіркеу саласындағы жұмысында да белгілі бір нәтижелер бар. Атап айтқанда, өткен 9 ай ішінде заңды тұлғаларды тіркеу бойынша 901 мемлекеттік қызмет көрсетілді. Сонымен қатар, заң талаптарына сай келмеуіне байланысты 534 заңды тұлғаны тіркеуден бас тартылды.

Департаменттің қолма-қол ақшаны бақылау шотына осы жылдың 9 айында түскен ақшалай қаражат мөлшері өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда шамамен екі еседен астам артты. Осы кезең ішінде департаменттің қолма-қол ақшаны бақылау шотынан атқарушылық құжаттардың негізінде жеке адамдардың шотына аударылған ақша сомасы да көбейді. Сонымен қатар, мемлекет бюджетінің кірісіне аударылған сома 297 902 868,06 теңгені құрады.

Азаматтық хал-актілерін тіркеу және апостиль қою бойынша да ауқымды жұмыстар жүргізіліп жатыр. Нақты айтқанда, биылғы 9 айда 12 942 құжатқа апостиль қойылды. Бұл былтырғы кезеңмен салыстырғанда 1087 құжатқа немесе 8,4%-ға артық. Бұл орайда қыз-



меттің осы түрі бойынша 335 қызметтің электрондық үкімет порталы арқылы көрсетілген.

Талданып отырған кезеңде мүліктің меншік иелерінің 686 бірлестігін тіркеу жүзеге асырылды. Былтырғы 9 айда қала бойынша осындай 226 бірлестік тіркелген болатын.

Халыққа заң қызметін көрсету де-

партамент қызметінің басты бағыттарының бірі. Биылғы 9 айда 763 нотариус қызметтің осы түрін көрсетумен айналысты. Олардың саны 2021 жылдың 9 айымен салыстырғанда биыл 49 нотариуска артты. Мұның өзі тұрғындардың нотариустық қызметті кеңінен пайдалануына қолайлы мүмкіндік туғызып отыр.

## ЗИЯТКЕРЛІК МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ – ЕЛ ДАМУЫНЫҢ БАСТАУЫ



**Бүгінде зияткерлік меншік кез келген мемлекеттің экономикалық ауқаттылығының деңгейін анықтайтын ресурсына айналды.**

Зияткерлік меншік дегеніміз не? Ол, адамның ой-сана-сымен жасалған өнертабыстар, әдеби және драмалық, музыкалық туындылар, бейнелеу, мүсіндеу өнерінің туындылары, фотосуреттер – барлығы адамның зияткерлік меншігі болып табылады. Шығармашылық туындылар әрбір халықтың, мемлекет пен адамзаттың рухани және зияткерлік қорын құрайды.

Зияткерлік меншік құқығын бұзудан келтірілетін залал көлемі бүгінде миллиардтаған теңгені құрайды және бұл санаттағы қылмыс саны да жыл санап өсе түсуде.

Соңғы жылдағы көрсеткіштер бойынша контрафактілік өнімдердің әлемде тарауының өте көптігі бүгінгі күні өзекті мәселе, бұл мәселе бойынша қатаң шараларды қолдану керек екенін көрсетіп отыр.

Контрафакт дегеніміз – біреудің шығарған жетістігінің, өнімінің атын өзгерту арқылы пайда көру немесе сапасыз, арзан көшірмесін жасап, нарыққа шығару екен. Қазіргі заманда әлемде мұндай контрафактілер көбейіп отыр. Танымал брендтердің атауларын өзгерту арқылы өз өнімдерін сатып жіберетін, содан пайда көретіндер бар. Контрафактілік өнім басқа біреудің өнімінің көшірмесі болғандықтан, ол тез істен шығуы мүмкін. Ал бұл жайт сатып алушылардың, яғни тұтынушылардың артық шығындалуына әкеліп соқтырды.

Осындай құқық бұзушылықтың алдын алу, зияткерлік меншікті қорғау және қолдау, контрафактілік өнімдердің өндірілуі мен заңсыз айналымын болдырмау туралы көптеген мемлекеттерде арнайы заңдар қабылданған.

Зияткерлік меншіктің еліміздің алпауыт мемлекетке айналуы үшін өте қажетті бағыт екендігі даусыз және де аталмыш сала мемлекет азаматтарының әл-ауқаттылығы мен білімділігінің деңгейін айқындайтын, құнды ресурс ретінде маңыздылыққа ие бола бастады.

Қазақстан тәуелсіздік алғаннан бастап, дүниежүзілік қауымдастықтың толыққанды мүшесі болып, халықаралық

қатынастарда өзіне сәйкес құқықтар мен міндеттерді қабылдап отыр. Соған сәйкес Қазақстан заңнамалары қатарына зияткерлік меншік құқығына қол сұғуға жол бермейтін заңдар қабылданды. ҚР зияткерлік меншік құқығын қорғау төмендегі заңнамалармен: «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңдарымен және Азаматтық, Кәсіпкерлік және Қылмыстық кодекстермен қорғалады.

Жыл сайын жаһандану үрдісіне, нарықтық экономика заңдылығына сәйкес зияткерлік меншік құқығын сауда саласында бұзу фактілері жиі кездесуде. Өйткені, зияткерлік меншік объектілерінің ауқымы да заман талабына сай жылдан-жылға еселеп көбеюде. Сондықтан, сауда, ғылым, әдебиет және өнер туындыларын коммерциялық негізде пайдаланатын тұлғалардың құқықтық сана деңгейін көтеру – басты мақсаттардың бірі ретінде қала береді.

Контрафактілі өнімге қарсы күрестің өзектілігі, азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтау, біздің мемлекетіміздің әлем елдерінің дамыған елдер қатарына кіру ниетіне тікелей байланысты. Зияткерлік меншік құқықтарын бұзудың барлық түрлері мен нысандарын анықтау және алдын алу, соның ішінде қоғамда контрафактілі өнімді тарату, заңсыз өнімді сатуға қарсы күрес бойынша өзекті мәселе күн тәртібінен түскен емес.

Кез келген азаматтың зияткерлік меншік объектісі конституцияға сай заңмен қорғалады. Қазақстан азаматтарымен қатар шетел азаматтарының да зияткерлік меншік құқығы заң алдында тепе-тең дәрежеде қорғалады. Сонымен қатар, Қазақстан азаматтарының зияткерлік саладағы жетістіктері ұйымға мүше мемлекеттердің барлығында бірдей қорғалады.

Азаматтардың зияткерлік меншік құқығын қорғау арқылы мемлекет олардың шығармашылық өрісінің дамуына және сол арқылы ел экономикасының дамуына қолайлы жағдай жасайды. Зияткерлік меншік құқығын қорғау мәселесі бойынша тауар таңбасының құқықтық иелері, авторлар және өнертапқыштар өз құқығы бұзылған жағдайда сотқа немесе Әділет министрлігінің зияткерлік меншік департаментіне, аумақтық әділет органдарына арыздануына құқылы.

Зияткерлік меншікті қорғау әлем бойынша ел дамуының деңгейін анықтайтын маңызды факторлардың бірі және оны қорғай білу әр елдің негізгі міндеттері болып табылады.

Қорыта келгенде, зияткерлік меншік жүйесі жоқ және зияткерлік меншікке қолдау көрсетілмеген мемлекет әрқашан экономикалық, мәдени, саяси, әлеуметтік және өнеркәсіптік салалар бойынша басқа елдерге тәуелді болып қалады. Сондықтан қоғамның әрбір мүшесі осы заңдарды толық түсініп, контрафактіге төзбеушілікпен қарауы керек. Әр тұтынушы өзіне қажетті заттарды аларда оның сапасына, бағасына және аталған тауардың құжаттарының бар немесе жоқтығына аса назар аударғаны жөн.

**Еркебұлан ЖЕТІСПАЕВ,**  
**Алматы қаласы Әділет департаменті**  
**зияткерлік меншік құқықтары**  
**бөлімінің басшысы,**  
**заң ғылымдарының магистрі**

## ҚҰҚЫҚ

Олардың атқарып отырған қызметі департаменттің тұрақты бақылауында. Атап айтқанда, талданып отырған кезеңде қаладағы нотариустардың қызметін тексеру мақсатында 15 профилактикалық бақылау іс-шарасы жүзеге асырылды. Осының нәтижесінде жұмыстағы кемшіліктерді түзеу жөнінде нотариустардың атына 15 нұсқама шығарылды.

Халыққа адвокаттық қызмет көрсету мәселесі де департамент қызметінің негізгі бағыттарының бірі. Қазіргі уақытта Астана қаласы бойынша 670 адвокат елорда тұрғындарына өз қызметтерін көрсетуде. Биыл олардың саны 54 адвокатқа артып отыр. Бұл қала тұрғындарының адвокаттық қызметті кеңінен пайдалануына мүмкіндік беруде.

Азаматтарға кепілді заң көмегін көрсету де департаменттің тұрақты назарында. Осы орайда мемлекеттің кепілді заң көмегін көрсету жөнінде 232 адвокатпен келісім жасалды. Нәтижесінде 6 784 адамға заңмен көзделген тегін заң көмегі көрсетілді. Бұл алдыңғы жылдың 9 айымен салыстырғанда 35%-ға артық.

Адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу үшін құқық беретін лицензиялау желісі бойынша департамент 12 отырыс өткізді. Комиссия отырыстарының нәтижесінде 158 үміткерге мемлекеттік қызмет көрсетілді.

Зияткерлік меншік саласында департамент тарапынан жүргізіліп жатқан іс-шаралар қатары да ауқымды. Мәселен, осы өткен кезең ішінде осы сала бойынша 777 түсіндіру іс-шаралары өткізілді. Осы саламен айналысатын бөлімнің талданып отырған кезең ішінде Әділет министрлігінің республикалық «Контрафакт» атты нақандық

іс-шараларын өткізу туралы тапсырмасын орындағанын айта кеткен жөн.

Департамент қызметінің жемісті болуы, оның алға қойылған міндеттерді табыспен жүзеге асыруы, әрине, кадрлық әлеуетке тікелей байланысты. Сондықтан да ұжымға білікті кадрларды қабылдау мәселесі үнемі назарымызда. Осы орайда 2022 жылдың 9 айында бос тұрған әкімшілік мемлекеттік лауазымдарға қабылдау үшін 23 конкурс өткізілді. Осының нәтижесінде әділет органдарының 36 әкімшілік мемлекеттік қызметшісі жұмысқа қабылданды. Олардың тең жартысы жалпы конкурс бойынша, ал қалған жартысы ішкі конкурстың нәтижелері бойынша лауазымдарды иеленді. Конкурсстарды ұйымдастыру кезінде кадрлардың іскерлік қабілеті мен біліктілігіне баса назар аударылды.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылы мен қызметтік әдеп нормаларын сақтауы мәселелеріне де тұрақты назар аударылуда. Осы бағытта департамент 46 іс-шара өткізді. Бұлар «ADALDYQ ALANY» жобасы бойынша түсіндіру жұмыстарын, мемлекеттік қызметшілер үшін лекциялар мен семинарларды және т.б. қамтиды. Қорыта айтқанда, ағымдағы жылы атқарылған істер сан салалы. Ал алда тұрған міндеттер бұдан да ауқымды әрі қоғамымыздың өмірінің әр қырын қамтиды. Алға қойылған міндеттердің жоспарға сай орындалуына департамент ұжымы ұйымшылдығының нәтижесінде қол жетіп отыр.

**А. АҚЫЛБАЙ,**  
**Астана қаласы Әділет**  
**департаментінің басшысы**



**А. ЖАМИЕВ,**  
**Ақтөбе облысының**  
**мамандандырылған ауданаралық**  
**әкімшілік сотының судьясы**

## АҚШАЛАЙ ӨНДІРІП АЛУ ШАРАСЫ

**ҚР Әкімшілік рәсімдік процесстік кодексінің мақсаты – азаматтарға басқарушылық шешімдер қабылдау процесіне нақты қатысуға мүмкіндік беретін кепілдіктер жиынтығын бекітіп, сотта дауларды қарау кезінде азаматтардың құқықтарын қорғаудың тиімді тетіктерін белгілеу. ӘРПК-нің енгізілуімен жария-құқықтық даулар басқа көзқараспен қаралып, азаматтар үшін олардың бұзылған құқықтарын қорғауды жүзеге асыруда көптеген артықшылықтар пайда болды.**

Мәселен, ӘРПК-дегі соттың белсенді рөлі қағидаты. Онда соттың әкімшілік істің ұсынылған дәлелдемелерімен және басқа материалдарымен шектелмей, өз бастамасы бойынша немесе әкімшілік процеске қатысушылардың дәлелді өтінішхаты бойынша қосымша материалдар мен дәлелдемелерді жинауы көзделген. Әкімшілік процеске қатысушылар сот талап еткен дәлелдемелерді ұсынуға міндетті.

ӘРПК-нің мәжбүрлеу шараларының үш түрін қарастырады: ескерту, сот отырысы залынан шығару және ақшалай өндіріп алу.

Ескерту және сот отырысы залынан шығару мәжбүрлеу шаралары тараптарға қатысты сот процесінде

болу ережелерін бұзған жағдайда қолданылады. Жеке, лауазымды және заңды тұлғаға (немесе оның өкіліне) 10-нан 100 АЕК дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алу шарасы қолданылуы мүмкін.

ӘРПК қандай жағдайларда ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануды көздейді?

Бірінші: іс жүргізу құқығын асыра пайдаланған немесе іс жүргізу міндеттерін орындамаған тұлғаға 10 АЕК көлемінде ақшалай айыппұл салынады. Оның ішінде, егер адам іс жүргізу міндеттерін орындаса, атап айтқанда дәлелдемелерді ұсынған, сот тапсырмаларын орындаса, бірақ дәлелді себептерсіз сот белгілеген мерзімдерді бұза отырып, егер бұл істі қарауды кешіктіруге әкеп соқтырса, әрбір мұндай әрекетте (әрекетсіздік) – 10 АЕК көлемінде ақшалай өндіріп алу.

Екіншіден: сот талабын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы

тұлғаның сотқа келмегені, сотқа уақытты хабарламағаны, уақытты жауап бермегені, төрағалық етушінің өкіміне бағынбағаны үшін, сотта белгіленген ережелердің, сондай-ақ, сотқа (судьяға) құрметтемеушілікті айқын көрсететін өзге де әрекеттерді (әрекетсіздігін) сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алу шарасын қолдануға құқылы.

Үшіншіден: бітімгершілік, медиативті, партисипативтік келісімдерді бекіту туралы шешім немесе сот ұйғарымы болсын, қандай да бір сот актісін орындамау, сот жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алу шарасын қолданады. Айта кететін жайт, ӘРПК-нің 28-тарауында сот шығарған сот актілеріне бақылау жүргізу көзделген.

Статистикаға жүгінсек, Ақтөбе облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотымен ағымдағы жылдың тоғыз айдағы қорытындысы бойынша 14 мәрте ақшалай өндіріп алу шаралары қолданылған. Нәтижесінде мемлекет бюджетіне 1 286 460 теңге қаражат түскен.

Мәжбүрлеу шараларының негізгі мақсаты – әкімшілік іске қатысушылардың өздерінің процесстік міндеттерін мұлтіксіз орындауын және олардың құқықтарын адал пайдалануын қамтамасыз ету, жариялы-құқықтық дауларды шешудің нақты тәртібін белгілеу және сот төрелігін жүзеге асыру сапасын одан әрі нығайту. Осылайша, сот орындаушылар институты ғана емес, соттың өзі өз шешімін орындауды реттеушіге айналады.



## БАЙҚАУДЫҢ БЕСІНШІ БЕЛЕСІ



(Соңы. Басы 1-бетте)

«Тұрмыс сананы билейді» демекші, осы жылдары шытырман оқиғалар тақырыбына қалам тербейтін жазушылар қатары азайды. Өзге тұрмақ, әдеби шығармаларды үзбей оқып жүрген оқырманның өзі К.Тоқаевтан кейінгі детектив жазып жүрген қазақ қаламгерлерін атап берші деген кезде кібіртіктеп қалатын дәрежеде еді. Оны мерзімді басылымдарда әр жылдары жарық көрген «Қазақ детективі қай деңгейде?» (2008), «Қазақ детективі қашан жанданады?» (2009), «Детектив жанры неге кенже қалып отыр?» (2012), «Қазақ детективінің дегбірі қашып тұр ма?» (2016), «Детектив жанры қазақ әдебиетіне керек пе?» (2018) деген сияқты материалдардан-ақ аңғару қиын емес. Сондықтан, «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы 2018 жылы Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауын жариялаған кезде біреу үмітпен, біреу күдікпен қарап еді. Бүгінде сол күдік азайып, қазақ детективінің болашағына деген сенімсіздік жойылды деп толық сеніммен айтуға болады. Өйткені, детектив шығармаларға арналған әдеби байқаулар жыл өткен сайын ұлғайып, бүгін олардың саны онға жуықтап қалды.

Қазіргі уақытта тарихы жағынан ғана емес, жұлде қоры жағынан да өзгелерден оқ бойы алда келе жатқан «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауына қолдау көрсетушілер көбейген. Мәселен, бытыр Түркістан облыстық сотының төрағасы Тұрысбек Мыятыбеков байқаудың Түркістанда өтуіне мұрындық болып, деректі детективтің жандануына атсалысты. Ал биыл дола Қызылорда атындағы Қызылорда облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасында «Шытырман» жинағының тұсаукесері өтті. Бұл жинаққа 2018–2021 жылғы байқау жеңімпаздары мен жүлдегерлерінің шығармалары топтастырылған.

– 1994 жылы марқұм Аманғали Шәйкенов ағамыз ең бірінші кезекте құқықтық мемлекет болуымыз керек, халық заңды және өзінің құқын білу керек деген мақсатпен «Заң газеті» мен «Юридическая газетаны» ашты. Сол кісілердің сара жолымен жүріп келе жатқанымызға 30 жылға таяп қалды. Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауын ұйымдастыру жұмысы 2017 жылы басталып, 2018 жылы корпорацияның 25 жылдығына арнап жарияланған еді. Содан бері осы байқау үздіксіз өтіп келе жатыр. Байқауда ешқандай саяси мүдде, астар жоқ. Негізгі мақсатымыз кенжелеп қалған детектив жанрын жандандыру, детектив шығармаларды оқырманға тарату, жеткізу. Биыл осы байқаудың марапаттау шарасын Қызылорда өңірінде өткізуге мүмкіндік туғызған облыс әкімдігіне алғысымыз шексіз. Жинағымыздың тұсаукесерін өткізуге, жүлдегерлерді марапаттауға барынша қолдау көрсетіп жатыр. Байқауға биыл 100-ден астам шығарма келіп түсті. Бұл таңғаларлық жағдай болды. Өйткені жыл сайын байқауды ақпан-наурыз айында жариялап жіберетінбіз де, 6-7 ай материал жинап, жеңімпаздарын жылдың аяғына қарай марапаттайтынбыз. Биыл індетке және өзге жағдайларға байланысты байқауды сәл кешігіңкіреп маусымның аяғында жариялап, қазан айының 10-на дейін материал қабылдадық. Соның өзінде 106 материал келіп түсті. Бұл қаламгерлер арасында осы байқаудың танымалдыққа ие болғанын байқатып отыр, – деді корпорация директоры

Досымбек Қонысбекұлы. Оның айтуынша, «Шытырман» шығармалар жинағына 2018–2021 жылғы байқаудың бас жүлдесінен бастап ынталандыру жүлдесіне дейін иеленген авторлардың еңбектері жинақталып отыр. Ондағы оқиғалардың көбі өмірде болған. Ол бұрын детектив жанрында қалам тербеген жазушылардың ғана емес, өзге де сала өкілдерінің қабілетін ашып, шығармашылық әлеуетін танытуға өз септігін тигізді. Ел Тәуелсіздігінің – 30, 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасының – 35 жылдығымен тұспа-тұс келген 2021 жылғы детектив шығармалар байқауының бас жүлдесін алған жазушы, журналист Нұрлыбек Саматұлы – солардың бірі.

**«Корпорация детектив жанрын қайта жандандырды»**

– Бұған дейін елімізде детективтің кенжелеп қалғаны рас. Тіпті, жоғары оқу орындарындағы филология факультеттерінде де әдебиеттегі проза мен поэзия жанрларының шарттарын айтқан кезде, детективті оқытпайтын. Батпаққа батып жатқан аттың жанынан жылқыларды айдап өтсе ол қанша қиналып жатса да, барлық күш-жігерін жинап, өзі ұмтылып кедергінің бәрін бұзып-жарып шығып кетеді екен. Сол сияқты «ЗАҢ» Медиа-корпорациясы бәйге жариялағаннан кейін шыдай алмай мен де қатыстым. Бұрын детектив жазбаған едім. Мені оятқан – сіздер. Сіздерге үлкен рақмет. Осы бәйгеден кейін мен немерелі болдым. Ойланбастан есімін Кемел деп қойдым. Ол да сіздердің әсерлеріңізден. Енді бұл да тарих. Үйдегілер бұрын кітап оқымайтын еді, қазір сіздер шығарған детектив шығармалар жинағын бәрі таласып оқып шықты. Енді қазақтың детектив жанры дегенде сіздер қоса айтыласыздар. Өйткені, сіздер үлкен жұмыстар жүргізіп жатырсыздар, – деген Н.Саматұлының сөзін биылғы байқаудың жүлдегерлері де қосады.

«Шытырманның» тұсаукесерінде «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының Қызылорда өңіріндегі іс-шараларын өткізуге қолдау көрсеткен және атсалысқан бірқатар ел азаматтары Алғыс хатпен марапатталды. Олар – облыс әкімінің

орынбасары Нұрымбет Сақтағанов, мәдениет және спорт басқармасының басшысы Руслан Рүстемов, Әбділдә Тәжібаев атындағы Қызылорда облыстық ғылыми-әмбебап кітапханасының директоры Нұрлыбек Кәрібозұлы, ақын Мақсат Дауылбайұлы, Мәншүк Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің жастар ісі жөніндегі комитет төрағасы Шернияз Жалғасбекұлы, Жаңақорған аудандық сотының төрағасы Әлия Түбекбаева және осы байқауды ұйымдастыруға ұйытқы болған Әмірбек Бердібекұлы. Бұдан бөлек «Заң газетінің» ардагері Бейбітбек Бүркітбайұлының иығына шапан жабылды.

Марапаттау рәсімінде Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Нұрымбет Сақтағанов: «Тарихы терең, топырағы кенен, береке-бірлігі жарасқан Сыр жері ұлтымыздың бағына туған талай дарабоз тартып тербеткен өңір. Теренге тамыр тартып сөзден маржан терген осындай даладан қазақ руханиятының қаншама қабырғалы қайраткерлері түлеп ұшты. Біз өткенін бағалай білетін, қазіргісін саралай алатын, сөздің қадірін ұғатын халықтың ұрпағымыз. Кешегі өткен ұлыларымыз бен даналарымыз, ақындығымен жазушыларымыз бүгінгі жас ұрпаққа әрдайым дәріптеліп, ұрпақтар сабақтастығы жалғасып келеді. Кемел Тоқаев ХХ ғасырдың қазақ әдебиетінің алтын ғасыры атануына өлшеусіз үлес қосқан жазушы. Әлем детективінде Артур Конан Дойльдің аты қандай танымал болса, қазақ детективіндегі Кемел Тоқаевтың орны дәл сондай биік. «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының бастамасымен жыл сайын детектив шығармалар байқауы ұйымдастырылуда. 2018 жылы бастау алған бұл шара бір кездері көш соңында қалған әдебиеттің детектив жанрын қайта жандандыруға өз септігін тигізуде. Бытыр қазақтың рухани астанасы Түркістанда өткен долада біздің жазушыларымыз Нұрлыбек Сафин мен отставкадағы полиция полковнигі Әмірбек Шаймағамбетов үздіктер қатарынан көрінді. Қос қаламгердің авторлығымен «Тәуелсіздік қырандары» атты деректі детективтік көркем әңгімелер жинағы жарық көрді. Бабалардан қалған ұлылықты тәлім етіп, ұрпақ бойына сіңіру, өскелең өрен үшін, байытты болашақ үшін аса маңызды, – деп биылғы

байқаудың Қызылордада өтуіне қолдау көрсетуге осы жағдай түрткі болғанын атап өтті.

**Миллионер мұғалімнің арманы**

Кемел Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауына биыл 3,5 айда 106 туынды келіп түсті. 1 млн теңге сыйақысы бар бас жүлдені Жетісу облысынан қатысқан мектеп мұғалімі Асхат Әмірбаев «Қылмыскердің күлкісі» деген шығармасымен жеңіп алды. 750 мың теңге сыйақысы бар 1-орынды «Үтіктегі қан» шығармасы үшін Алдажар Әбілов (Қызылорда облысы) иеленді. 500 мың теңгеден сыйақысы бар жүлделі 2-орынға «Тылсым түннің құпиясы» шығармасымен Бақыт Жалиева (Ақтөбе облысы) мен «Тамұқтан жеткен үн» шығармасы үшін Нұрлан Шынтаев (Алматы облысы) лайық деп табылды. Ал 300 мың теңгеден сыйақысы бар 3-орынға «Түтін» шығармасымен Айгүл Кемелбаева (Астана қаласы) мен «Оралманның ойраны» шығармасымен Тұрақ Адисұлы (Қызылорда облысы) ие болды. 500 мың теңге көлемінде сыйақысы бар «Оқырман тандауы» аталымында Дидар Амантайдың (Алматы қаласы) «Алқарақөк» шығармасы үздік деп танылды. Меценат Арман Тосқанбайдың арнайы жүлдесіне (соңғы үлгідегі ноутбук) Сая Исабай (Алматы қаласы) ие болды. Ал Шернияз Жалғасбекұлы (Қызылорда облысы) мен Қабыл Дүйсенби (Шымкент қаласы), Қанат Ғұмаров (Орал), Сайлау Төлеуов (Көкшетау), Елена Әбдіхалықова (Қызылорда) ынталандыру сыйлығын алды. Сондай-ақ, Қызылорда облыстық сотының бағалы сыйлығы «Тергеу аяқталған жоқ» шығармасы үшін Бағдат Қалаубайға тапсырылды. Ал облыстық полиция департаментінің арнайы жүлдесімен байқоңырлық Нұргүл Нұрбайқызы марапатталды. Сондай-ақ, «Заң газетінің» арнайы сыйлығы Жантас Еркінұлына («Пышақ жоғалған түн» шығармасы үшін берілді. Әмірбек Бердібекұлы мен Нұрлыбек Сафин ҚР Ішкі істер министрінің алғыс хатымен, «ЗАҢ» Медиа-корпорациясының директоры Досымбек Өтеғалиев, «Заң газетінің» бас редакторы Айнұр Сембаева, «Заң» журналының бас редакторы Түймегүл

Ибашева және жазушы Нұрлыбек Сафин «ҚР Полициясына 30 жыл» медалімен марапатталды.

«Ш.Құдайберді атындағы Семей мемлекеттік университетінің тарих факультетін бітіргем. Мамандығым бойынша Қарғалы ауданында 1 жылдай ғана жұмыс істедім. Одан кейін аудандық «Қаратал» газетінде, тілші, бөлім меңгерушісі, редактордың орынбасары, редактор болып 15-16 жыл журналистика саласында еңбек еттім. Басылым жеке-шелеңген соң мектепке қайта оралдым. Еңбек етіп жүріп Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің тарих факультетінің магистратурасын тәмамдадым. Жазушылық жаным жақын екенін аңғарам, онымен кәсіби түрде айналысқым келеді», – деген А. Әмірбаев К.Тоқаев атындағы детектив шығармалар байқауына бытыр қатысқысы келген екен. Алайда Түркістан облысы судьяларының еңбегін насихаттау керек деген талапқа сәйкес ол жактан материал алып үлгермеген. Биыл жазылған «Қылмыскердің күлкісі» оның детектив жанрындағы ең алғашқы туындысы болып отыр. «Заң газетіне» шыққан басқа қатысушылардың шығармаларын үзбей оқып жүрген ол ынталандыруға ілігітініне сенімді болғанын, бірден бас жүлде алам деп ешқашан ойламағанын айтты.

«Әңгімемнің оқиға желісі өмірден алынды. Онда өгейлік тақырыбын қозғай отырып, отбасылық құндылықты сақтауға үндегім келді. Жалпы, өзім артыма өміршең дүниелер жазып қалдырғым келеді. Жұлде қаламгерді шабыттандырып, жақсы шығарма жазуға ынталандырады. Дарынсыз шығарма қанша сыйлық алса да, тағдыры қиын болады. Оқырман ешкімнің атақ-абыройына емес, жазып қалдырған шығармасына қарайды. Қаламгер ең алдымен өз шығармасына сын көзімен қарай білу керек. Оның шығармасы оқырманның өмірге деген құштарлығын оятуы қажет», – дейді А.Әмірбаев. Сол себепті, ол кітап шығарам деп жинап жүрген аудандық, облыстық газеттерге шыққан 70-80 шақты өлеңін бір күні түгел ортеп жіберген және ол үшін еш өкінбейді. Поэзиямен мектеп қабырғасынан бастап әуестенген ол, кейін сатира жанрына да қалам тербеген. «Бір шок жүл» деп аталатын шағын әңгімесі 2006 жылы «Қаратал» газетінде жарияланды. Онда екі баланың 8 наурыз мерекесі кезінде өздерінің жинап жүрген тиындарына анасына гүл алып бергенін жазған. Оны оқырмандар жақсы қабылдаған соң «Мен өмірді сендер үшін сүрем» деген шығармасы облыстық «Жетісу» газетіне шығады.

– 2009 жылы халықаралық «Дарабоз» байқауында «Еңлікүл тауда өседі» деген әңгімем ынталандыру жүлдесін алды. 2010 жылы «Үркер» журналының байқауында «Аялдама» деген әңгімем 2-орын алды. Шығармаларым бірнеше жинаққа енген. 2013 жылы Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен «Мен сізге ғашықпын» деген кітабым жарық көрді. Кейін «Туған жер» деген балаларға арналған 2-3 ертегі мен әңгімелер, повестерін атындағы облыстық кітапхана жариялаған ертегілер байқауында 1-орын алдым. Содан бері балалар әдебиетіне қалам тербеп жүрмін. Ересектерге тек белгілі бір оқиға болмаса жазбаймын. Арманым Ганс Христиан Андерсон атындағы сыйлықты алу. Қазір жасым қырықта. Бұл менің ең өңдіріп жазатын кезім, – дейтін Асхат қазір бес баланың әкесі. Үлкен қызы әке жолын қуып ертегілер жазып жүрген көрінеді.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»





# СПАРТАКИАДА – ҚАБІЛЕТТІ КӨРСЕТУГЕ МҮМКІНДІК

Жақында Атырау қаласындағы «Абай» орталығында Судьялар одағы филиалының ұйымдастыруымен Атырау облысының соттары арасында спартакиада өтті. Спартакиаданың ашылу салтанатына қонақ ретінде Атырау облысының прокуроры Б.Жұмақанов, Атырау облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысының міндетін атқарушы Н.Төлеуова қатысты.



Атырау облысы соттарының судьялары мен мамандарынан құралған командалар арасында футбол, дойбы, үстел теннисі, арқан тарту және кеуде көтеру бойынша жарыстар өтті.

Атырау облыстық сотының төрағасы Бауыржан Жұмағұлов спартакиаданы ашық деп жариялап, сот корпусымен жыл сайын спорттық турнирдің өткізілуі жақсы дәстүрге айналғанын атап өтті.

– Спартакиада сот жүйесінің қызметкерлеріне өздерінің спорттық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді деп үміттенемін. Қатысушыларға жеңіске деген сенім және биік көрсеткіштер тілеймін, – деді.

Атырау облысы бойынша Судьялар одағы филиалының төрағасы Мирамбек Нағашыбаев қатысушыларды келе жатқан мерекемен құттықтап, оларға сәттілік пен жеңіс тіледі. Спартакиаданың қорытындысы бойынша 50 жастан асқан ерлер арасындағы кеуде көтеру жарысында жеңіске Атырау облыстық

сотының төрағасы Б.Жұмағұлов, ал 50 жасқа дейінгі санатта Қызылқоға аудандық сотының маманы Қ.Мәлікұлы жетті.

Футболдан – I орынды Атырау қаласы соттарының командасы, II орынды аудандық соттардың құрама командасы, III орынды Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің командасы иеленді. Ал, футболдан үздік ойыншы ретінде Соттар әкімшісінің маманы Д.Рашид танылды.

Ерлер арасындағы дойбы ойынында – I орын Индер аудандық сотының судьясы А.Құспановқа, II орын – Қызылқоға аудандық сотының маманы Р.Бауыржанұлына, III орын – Атырау қалалық сотының судьясы Ж.Момыжановқа берілді. Әйелдер арасында – I орынды Махамбет аудандық сотының төрағасы А.Досмағамбетова, II орынды Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының маманы М.Сәрсембиева, III орынды Атырау облыстық сотының маманы А.Аксериқова иеленді.

Үстел теннисінен – ерлер арасында I орынды қатысушы Т.Бекетов, II орынды қатысушы А.Шапағат, III орынды Атырау қалалық №2 сотының судьясы Е.Алипқалиев жеңіп алды. Ерлер арасында үстел теннисінен үздік ойыншы атағын Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің маманы Д.Рашид алды. Әйелдер арасында – I орынды

Құрманғазы аудандық сотының маманы А.Айткенова, II орынды Атырау қаласының әкімшілік құқық бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған сотының төрағасы С.Абугалиева, III орынды Атырау қалалық сотының кеңсе меңгерушісі Ә.Төлепбергенова ұтып алды. Әйелдер арасындағы үстел теннисінен үздік ойыншы атағын Атырау облыстық мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Ж.Нұрғалиева алды.

Арқан тарту бойынша – I орынды Атырау қаласы соттарының командасы, II орынды аудандық соттардың құрама командасы, III орынды Атырау облысы бойынша Соттар әкімшісінің командасы иеленді. Жарыс жеңімпаздарына дипломдар мен естелік сыйлықтар табыс етілді. Спартакиадаға қатысқан судьялар өздерінің тек сот төрелігін жүзеге асырумен ғана шектелмей, салауатты өмір салтын да қолдауға тырысатындықтарын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Сонымен қатар, сол күні киокушинкай-кан карате бойынша республикалық чемпионаттың ашылу салтанатына қатысқан облыстық сот төрағасы Б.Жұмағұлов спортшыларға өз құттықтау лебізі мен тілегін жеткізді. Чемпионатқа еліміздің түкпір-түкпірінен 500-ден астам спортшы қатысты.

Атырау облыстық сотының баспасөз қызметі

## ОРТАҚ МҮДДЕ

# ТӘУЕЛСІЗДІКПЕН БІРГЕ ТҮЛЕГЕН ЖҮЙЕ

Тәуелсіздік таңымен бірге жасап, бірге қалыптасып, бірге түлеген сот жүйесі бүгінде материалдық-техникалық жағынан толық қамтамасыз етілген, рухани жақтан жан-жақты қолдау тапқан орнықты құрылымға айналып, құқықтық мемлекетке лайықты өз мәртебесіне сай жұмыс жасауда.

Осы тұста ұлы Абайдың «Адам баласының жүректен аяулы жері бар ма?...», «Тіл жүректің айтқанына көнсе жалған сөйлемейді...», «Биік мансап – биік жартас басына бауырымен жорғалап жылан да шығады, қиялап ұшып қыран да шығады!» – деген, даналық сөзі еріксіз ойға оралады. Демек, бүгінгі қазыларымыз шын мәнінде, рухани тазалықтың, ар-ұят пен адалдықтың мызғымас тірегіне айналуға тиіс!» деген қағиданы мәңгілік ұранға айналдыру қажет. Өзінің бағытын нақты ұстанған сот жүйесі жылдар керуенін артқа тастап, жүргізілген тегеурінді сот реформасының аясында биік асуларды бағындырды. Сот жүйесінің негізгі мақсаты азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және Республика Конституциясының, заңдарының,

өзге құқықтық актілерінің, халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз ету болып табылады. Бұл әркімнің құқықтары мен бостандықтарына, заңды мүдделеріне нұқсан келтіретін немесе кез келген заңсыз шешімдері мен іс-қимылдарына сот арқылы қорғауға кепілдік беретін орган, яғни болмыс-тіршілікте адамзат әділдік іздейтін, оның ақ-қарасын айқындайтын үлкен механизм. Сондықтан да сот алдында сот төрелігін сапалы атқару, әділ шешім шығару аталған құрылымдық жүйенің қоғам талабына сай үнемі жетіліп, оның ілгерілеуіне заманауи тетіктер мен кешенді сот реформаларын жүргізу қажеттілігін туындатты.

Мәңгілік Қазақстан... Ата-бабаларымыз көптен бері аңсап келген арманы болатын. Келесі күннен үмітті біздің бүкіл еліміз

күтті. Бірақ абырой, байлық және түрлі жанарулар өзімен-өзі келмейді. Оларға жету үшін еңбек пен ғылымға арқа сүйеу керек. Бұл екеуін қолдана алатын халық асыл мұратқа жете алады. Тек сонда ғана ел тұрғындарының өмір сүруі жақсарып, біздің елімізді әлем мойындайды.

Бабаларымыз: «Заң алдында қара да бір, билік тұтқасындағы зор да бір» – деп тегін айтпаса керек. Бұл дегеніміз – ешқандай орган, қанша жерден жоғары тұрса да, сот функцияларын өзіне ала алмайды яғни, сот ісіне араласуға, қысым жасауға немесе нұсқау беруге ешкімнің, ешқандай органның құқы жоқ деген сөз. ҚР сот жүйесін жан-жақты зерттеп, өткен тарихымызды бүгінгі жағдайымызбен салыстыра отырып, ертеңімізге деген көзқарасымызды білдіріп, өзімізше ой түйіндедік.

Қорыта келе, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтсақ, ҚР сот жүйесіндегі толағай табыстар шежіресі тәуелсіздік жылнамасының маңызды бір бөлігі болып саналатыны ақиқат.

Нүргүл ГАНИҚЫЗЫ,  
Астана қалалық қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

## МҰРАҒАТ

# АРХИВ – ЖҮЙЕЛІ ЖҰМЫС ЖЫЛНАМАСЫ

Сот архиві жұмысын ұйымдастыру ҚР Жоғарғы Сотының, жергілікті және басқа да соттардың, ҚР Жоғарғы Сотының жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментінің және оның аумақтық бөлімшелерінің құжаттарын қалыптастыру, іріктеу, есепке алу, уақытша сақтау және мемлекеттік архив мекемелеріне тұрақты сақтауға тапсыру тәртібі туралы қағидаға сәйкес жүзеге асады. Істерді рәсімдеу, қалыптастыру, уақытша сақтауға архивтерге уақытында тапсыру үшін жауапты қызметкер, сондай-ақ архив жұмысы үшін жауапты қызметкер өзінің жұмысында осы қағиданың талаптарын басшылыққа алуы тиіс.

Жыл сайын Қазталов аудандық №2 сотының ведомстволық архивіне толықтай аяқталған және тапсырылуға жататын қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер, журналдар, нарядтар тиісінше қалыптастырылып, рәсімделеді.

Сақтау мерзімдерін көрсете отырып, ұйымның (мекеменің) қызметінде жасалатын құжаттар тізбесінде белгіленген сақтау мерзімі аяқталған, архивте сақталатын құжаттар, істер (нарядтар) тізімдемелерімен бірге бір мезгілде жоюға іріктеледі.

Жоюға бөлу туралы акт ұйымның (мекеменің) СК-мен (ОСК-мен) келісілетін тұрақты және уақытша (он жылдан астам)

сақталатын істердің (нарядтардың) жиынтық тізімдемелерімен бір мезгілде қарастырылады және СТК тиісті мемлекеттік архив мекемесінің қарауына берілуге жатады.

Жоюға іріктелген қылмыстық, азаматтық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердің ішінен сот актілерінің түпнұсқалары (үкімдер, шешімдер, қаулылар, ұйғарымдар)мемлекеттік архив мекемесіне тұрақты сақтауға тапсырылады.

Ғылыми-тарихи құндылығы жоқ және тәжірибелік мәнін жоғалтқан сақтауға жатпайтын құжаттарды жоғарыда көрсетілген рәсімдер аяқталғаннан кейін ғана ұйым (мекеме) осы СК-ның бекітілген актісіне сәйкес енген істерді (нарядтарды) жоюға құқылы.

Ведомстволық архивтегі құжаттарды есепке алу – оларды сақтауды қамтамасыз етудің бірден-бір құралы болып табылады және тарихты жан-жақты талдауда, зерттеулердің түбегейлі жүргізілуінде архивтың алатын орны бөлек.

Айдана НУРУМОВА,  
Қазталов аудандық №2 сотының кеңсе бас маманы БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ

таңда заманауи технологияларды қолдандудың арқасында істерді қарау ыңғайлы әрі қолжетімді бола бастады, яғни, азамат, оның өкілі немесе заңгер өзіне қолайлы кез келген уақытта үйінен, кеңсесінен шықпастан, интернет желісі арқылы талап арыздарын, оған қоса тіркелетін құжаттарын, басқа да сот істері бойынша өтініштерін жолдап, баж алымдарын төлей алады, сонымен қатар, істегі мәртебесін қарап, сот актісін шығара алады. Аталмыш қызметтің басты басымдығы – сот жүйесінің беделін арттыру, халықтың соттарға деген сенімін нығайту.

Е.ЖЕТІСПАЙҰЛЫ,  
Қызылорда қалалық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы

# ТАРАЗЫ

## КӨКЖИЕК



# ТҮЛЕКТЕРГЕ СЕРТИФИКАТ ТАБЫСТАЛДЫ

ҚР ІІМ М.Есболатов атындағы Алматы академиясында орта басшы құрамды даярлау факультетінің тыңдаушыларына салтанатты түрде сертификаттар тапсырылды.

Түлектерді Академия бастығы полиция полковнигі А.Сайтбеков құттықтап, бүгіннен бастап олардың өмірінде Академия қабырғасында алған білімдерін қызметте іскерлікпен көрсетуге, ішкі істер органдарын жаңғыртуға белсенді қатысуға, Қазақстан полициясының беделін арттыруға, жұмыстың аса маңызды салаларында жоғары жетістіктерге жетуге мүмкіндік беретін жаңа кәсіби кезең басталатынын атап өтті. Сонымен қатар орта басшы құрамды даярлау факультетінің тыңдаушылары арасындағы ҚР Ішкі істер министрінің кубогы үшін өткен Дебат турнирінің финалдык ойындарына қатысушыларды марапаттау рәсімі де осы күнге орайластырылды. Екінші турға қатысқан №2 факультет тыңдаушылары Р.Жарықбаев, Қ.Әбдіғалиев, М.Акрамашов, сондай-ақ, турнирдің жеңімпазы П.Климов номинациялар бойынша вымпел және дипломдармен марапатталды. Жеңімпаз кубогы 2 факультет тыңдаушысы Ә.Оспановқа табыс етілді. Өз кезегінде №2 факультеттің тыңдаушысы полиция полковнигі Б.Зиятаев та сөз сөйлеп, академияның профессорлық-оқытушылық құрамына ризашылығын білдірді.

Дәстүр бойынша айтулы оқиғаға орай мерекелік концерт ұйымдастырылды.

Гүлнар ЖАППАРҒАЛИҚЫЗЫ

## ОҢ БАСТАМА

# ЭКСАУМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ ҚОЛДАНЫСТА

Тұрақсыздық айыбын өндіріп алу туралы істі сот талқылауына дайындау сатысында тараптардан эксаумақтық соттылықты қолдану жөніндегі өтініштер келіп түсті. Іс «Төрелік» жүйесіндегі автоматты түрде бөлуден белгіленген Шымкент қалалық сотына соттылық бойынша дереу жіберілді. 2022 жылдың 1 тамызынан бастап қолданысқа енгізілген АПК-нің 32-бабына өзгерістерге сәйкес, тараптар өзара келісім бойынша эксаумақтық соттылықты таңдай алады.

Істі сот талқылауына дайындау барысында соттардың жүктемесі мен мамандануын есепке алумен эксаумақтық соттылықты қолдану туралы тараптардың өтінішхаты бойынша іс ІТ жүйемен республиканың барлық соттары арасында бөлінетін болады. Эксаумақтық соттылықты қолдану тек қана екі тараптың келісімі болған кезде мүмкін. Ол үшін істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараппен қол қойылған, эксаумақтық соттылықты қолдану туралы өтінішхат тараптармен сотқа беріледі. Заңның осы нормасын қолдану республика соттарына жүктемені біркелкі алдын алу жөніндегі тиімді құрал болады.

Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі



# ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДАҒЫ КӘСІПОДАҚТЫҢ ПӘРМЕНІ ҚАНДАЙ?



(Соңы. Басы 1-бетте)

Жүсіп Баласағұн атындағы Қырғыз ұлттық университетінің ректоры, Қырғызстан ҰҒА корреспондент-мүшесі Толобек Абдырахманов қатысушыларды құттықтап, съезде еуразиялық университеттер дамуының өзекті мәселелерінің талқыланып-тынына, университет білім алушылары мен қызметкерлеріне көмек көрсетудің тиімді жолдарының табылатынына сенім білдіріп, съезд жұмысына табыс тіледі.

Съезде ұлттық және өңірлік ерекшеліктерді ескере отырып, университет кәсіподақ ұйымдарының жұмыс тәжірибелері, университет әкімшіліктерімен әлеуметтік әріптестіктің үздік тәжірибелері; жаңа мүшелерді қабылдау критерийлері мен рәсімдеріне қатысты қауымдастық жарғысының ережелері және мүше ұйымдардың анықтамалығын құрудың қажетті шарттары талқыланды. Съездің жалпы төрт пленарлық отырысының екеуі Қырғыз ұлттық университетінде және Н.М.Пржевальскийдің мемориалдық музейі мен Шыңғыс Айтматов атындағы «Рух Ордо» мәдени орталығында өтті.

Шара барысында УКҰЕК Президенті И.Б.Котловскийдің «Университеттердегі кәсіподақ қозғалысын дамытудың ұлттық және өңірлік ерекшеліктері: қызметтің заңнамалық аспектілері мен практикасы» атты баяндамасы, ТМД елдері университеттерінің қызметкерлері мен студенттерінің кәсіподақ университеттері төрағаларының баяндамалары көпшілік талқысына түсті. Соған орай жоғары мектепті реформалау, жоғары оқу орындарындағы білім беру процесінің тиімділігі, университеттердің халықаралық бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету және бұрынғы кеңестік кеністікте бауырлас халықтардың мәдени-тарихи қауымдастығын сақтау проблемаларын шешу мәселесі сөз болды.

ҚазҰУ делегациясы кәсіподақтың соңғы жылдардағы жұмысы туралы айтып берді. Біздің университеті меншік нысанын өзгертіп, коммерциялық емес акционерлік қоғамға айналды. Төраға-ректор Жансейіт Түймебаев бастаған басқарма оқытушылардың ғана емес, басқа да қызметкерлердің жалақысын едәуір арттырды. Оқытушылардың еңбек жағдайы мен студенттердің тұрмысы жақсарды. Кәсіподақ университет басшылығымен әлеуметтік серіктестік құруда. Біздің делегацияның баяндамасы «Ұжымдық шарт – қажетті шындық» деп аталды. ҚазҰУ өкілдері ағымдағы жылы 2022 – 2025 жылдарға арналған ұжымдық шарт әзірленіп, қол қойылғанын әңгімеледі. Бұл шартта еңбек қатынастары ғана емес,

сонымен қатар тараптардың – қызметкер мен жұмыс берушінің құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған басқа да еңбек қатынастары реттеледі.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың түрлі санаттағы қызметкерлерінің саны бүгінде 4 272 адамды құрайды. ҚазҰУ ұжымы мен әкімшілік арасындағы алдыңғы ұжымдық шартта көптеген тармақтар толық жүзеге асып келеді. Жыл сайынғы еңбек демалысы ұлғайтылды, қызметкерлерге жеңілдіктер бекітілді. Есепті кезеңде университет қызметкерлеріне атаулы материалдық көмек көрсетіліп, санаторий-курорттық емделгені үшін өтемақы бөлінді, университет ардагерлеріне материалдық қолдау көрсетілді.

Талқылау барысында 20-дан астам ұсыныс келіп түсті, барлық ұсыныстар Шарттың түпкілікті жобасында ескерілді. Жаңа ұжымдық шарт шеңберінде қызметкерлерді әлеуметтік қорғау туралы заңнама нормаларын іске асыру, жетекші үкіметтік емес ұйымдармен, өңірлік және салалық кәсіподақтар бірлестігімен диалог алаңдарын ұйымдастыру міндеті қойылады.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың заң факультеті, соның ішінде азаматтық құқық және азаматтық іс жүргізу, еңбек құқығы кафедрасы кәсіподақ комитетіне үлкен көмек көрсетеді. Кәсіподақ пен заң факультеті түрлі құжаттарды, халықты әлеуметтік қорғау, ғылыми және білім беру қызметін дамыту саласындағы нормативтік актілердің жобаларын іске асыруға қатысады. Талқыланып жатқан мәселелер бойынша жетекші мамандарды тарта отырып, ғылыми-практикалық конференциялар, семинарлар мен дөңгелек үстелдер өткізіледі, қабылданған мемлекеттік бағдарламалардың өзекті мәселелері бойынша түсініктеме беру, оларды оқу процесіне енгізу мақсатында оқу материалдары – оқу құралдары, оқулықтар мен әдістемелік ұсынымдар, білім беру бағдарламалары дайындалады.

Ұжымдық шарттың жаңа жобасында жаңа редакцияда қызметкерлерге еңбекақы төлеудің қосымша тетіктері және оларды іске асыру тәсілдері, университетті басқару органдары қабылдаған шешімдердің іске асырылуына қоғамдық бақылауды күшейту айқындалған. Жаңа ұжымдық шарт заңнамаға, бас және салалық келісімге сәйкес келеді, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың даму стратегиясын іске асыруға бағытталған.

«Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрағасы Б.Нүридин ЖОО-ның жастар саясатын атап өтті. Соңғы жылдары студенттік кәсіподақтың кәсіби деңгейі айтарлықтай өскен. Ол шешетін міндеттердің ауқымы заң шығару жұмысы мен сараптамалық қызметті де қамтиды, бұл ретте әлеуметтік

және құқық қорғау саласындағы жұмыстың барлық бағыттары сақталады.

ЖОО кәсіподақтарының жұмысы туралы Ж.Баласағұн атындағы ҚНУ Біріккен кәсіподақ комитетінің төрағасы Қ.Жұмабеков, Янки Купала атындағы Гродно мемлекеттік университеті кәсіподақ комитетінің төрағасы И.Кергет, Ереван мемлекеттік университетінің өкілі Г.Арутюнян, Чуваш мемлекеттік мәдениет және өнер институтының профессоры В.Васильев, М.Ломоносов атындағы Солтүстік (Арктика) федералды университетінің (Архангельск қ.) өкілі С.Сорокин, Дағыстан мемлекеттік университеті кәсіподақ комитетінің төрағасы Н.Рабазанов және басқалар өз көзқарастарымен бөлісті.

УКҰЕК XXXIV съезі қауымдастықтың барлық мүшелік ұйымдары кәсіподақтардың жарғылық мақсаттарын іске асыру әдісі ретінде ақпараттық жұмысты дамыту, университет ұжымдары арасындағы ынтымақтастықтың жаңа нысандарын іздеу, жұмыс тәжірибесімен алмасуды ұйымдастыру қажет деп шешті. Кәсіподақ ұйымдарының ақпараттық жұмысында әлеуметтік желілерді кәсіподақ мүшелерін ақпараттандыру және оқыту құралы ретінде белсенді пайдалану және кәсіподақ ұйымдарының қызметі туралы ұжымдардың хабардарлық деңгейін арттыру ісінде ынтымақтастық орнату ұсынылды.

Съезд делегаттары шешімде қауымдастыққа мүше университеттер арасында тұрақты негізде тәжірибе алмасуға ықпал ету үшін іс-шараларды онлайн режимінде жүйелі түрде ұйымдастыру қажет екенін атап өтті. Жас кәсіподақ кадрларының біліктілігін арттыру мақсатында УКҰЕК мүше ұйымдарының бағдарламалары мен әдістемелерін пайдалана отырып, онлайн форматта оқыту семинарларының топтамасын өткізу жоспарлануда. Ең бастысы – кәсіподақ ұйымдарының әртүрлі деңгейдегі (корпоративтік, өңірлік, ұлттық) бұқаралық ақпарат құралдарымен ынтымақтастығын нығайту.

Съезд шешіміне сай, алдағы уақытта УКҰЕК-ға мүше елдердегі жоғары мектеп қызметкерлеріне еңбекақы төлеу мәселесін шешу алгоритмі әзірленбек.

**С.ТЫНЫБЕКОВ,**  
**з. г. д., профессор, әл-Фараби**  
**атындағы ҚазҰУ Азаматтық құқық**  
**және азаматтық іс жүргізу, еңбек**  
**құқығы кафедрасының меңгерушісі.**  
**О.П.ЛОЖНИКОВА,**  
**әл-Фараби атындағы ҚазҰУ**  
**Кәсіподақ комитеті төрағасының**  
**орынбасары.**

арқылы көрсетіледі. «Сыбайлас жемқорлық қылмыс жасағаны туралы мәліметтер беру» анықтамасы да мемлекеттік көрсетілетін қызмет шеңберінде жүзеге асырылады. Мемлекеттік қызметті көрсету үшін құжаттарды қабылдау және беру [www.egov.kz](http://www.egov.kz) «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы Азаматтар /Жұмысқа орналастыру және жұмыспен қамту / Жұмысқа орналастыру және жұмыс іздеу бөлімінде жүзеге асырылады. Қызметтің орындалу мерзімі – 10 минут, қосымша айқындалмалық тексеру жағдайларында – 5 жұмыс күн.

Сонымен бірге, «Соттылықтың болуы немесе болмауы туралы анықтама беру» бойынша мемлекеттік қызметі де онлайн-режимде көрсетіледі. Бұл қызметті веб-портал «электрондық-үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) арқылы және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы алуға болады. Енді азаматтар өздерінің қалаған мемлекеттік корпорация филиалының мекенжайын тандап, шетелге шығу үшін анықтама алу жөнінде электрондық сұрау салып, жазбаша, қағаз түрінде жауап ала алады. Сондай-ақ, цифрлық технологияның дамуымен елімізде «Электрондық қылмыстық іс» модулі

«Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсы адамгершілік құндылықтарын жаңғыртуға және отбасы мен некенің (ерлі-зайыптылықтың) жағымды үлгісін дәріптеуге, некенің маңыздылығын мойындап, ата-ананың бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыруға, қазақ халқының отбасылық тәрбиесін ұлттық құндылық ретінде жандандырып, оны әрбір отбасына енгізуге, қазақстандық отбасының жағымды имиджін қалыптастыруға бағытталған.

## «МЕРЕЙЛІ ОТБАСЫ» МӘРЕГЕ ЖЕТТІ

Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен 2013 жылы «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы жарияланған болатын. Конкурс екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезең – аудандық (қалалық), екінші – облыстық (республикалық) маңызы бар қала, астана). Комиссияның әрбір мүшесі отбасыларды балдық жүйе бойынша бағалайды (1-ден 10-ға дейін). Үздік отбасыларды айқындау туралы шешім қабылдау кезінде отбасы мүшелері жетістіктерінің саны мен маңызы; балалар мен немерелердің жетістіктері; ата-аналарының үлгі тұтарлық істері; отбасының тұрмыс салты, қоғамдық-пайдалы қызметке қатысуы, жетім балаларға қамқоршылық, тәлімгерлік көрсетуі басты назарда ұсталады.

Биыл бүкіл республика бойынша байқауға 2542 отбасы қатысты. Олардың жартысынан астамы (63,4%) ауыл тұрғындары. Сондай-ақ, 1166 табысты көпбалалы отбасы мен 501 жас отбасы қатысқан. Соның ішінде Алматы қаласы бойынша 193 отбасы конкурсқа өтінім білдірсе, Жетісу облысы бойынша 20 отбасы байқауға қатысуға ынта танытқан. Шымкент қаласының әр ауданынан 4 отбасыдан іріктеп алынып, қалалық кезеңге 16 отбасы жіберілген болатын. Тартысты өткен додада бокстан халықаралық дәрежедегі спорт шебері, әлем чемпионы Біржан Жақыповтай атпал азаматты тәрбиелеп өсірген Жақыповтар отбасы жеңімпаз деп танылып, байқаудың республикалық кезеңіне жолдама алған еді.



Чемпионның әкесі 69 жастағы Жақып Құттыбек бүгінде жеке-меншік спорт мектебінің директоры қызметін атқарып келеді. Ал, анасы Қарлыға Зәуірбекова саналы ғұмырын жас ұрпаққа білім беруге арнаған ұлағатты ұстаз. Қырық жылдан астам уақыт бойы шәкірттерге математика пәнінен сабақ берген Қарлыға апай бүгінде құрметті еңбек демалысында. Отасқанына 45 жыл болған бақытты отбасының 4 перзенті мен 15 немересі бар.

«Бұл байқауға қатысудағы мақсатымыз – жас отбасыларға үлгі болу. Қоғамда берекесі жоғалған отбасы қаншама? Мынау қамшының сабындай қысқа дүниеде тату-тәтті өмір сүріп, отбасының берекесін келтіріп, бала- шағаға жақсы тәрбие беру керек деп ойлаймын. Балалар – біздің аманатымыз. Республикалық байқауға жолдама алғанымызға қатты қуандық. Әрдайым мерейлі отбасылардан болуды нәсіп етсін», – дейді үлгілі шаңырақтың иесі Біржан Жақыпов.

Ал Республика күні қарсаңында «Мерейлі отбасы» ұлттық конкурсының лауреаттары марапатталды. Алматы қаласы бойынша Кішкенебевтар отбасы жеңімпаз деп танылды. Әулеттің отағасы Кішкенебаев Бақыт Айдарұлы, отанасы Битманова Бақытжан Бөкешқызы 6 ұл тәрбиелеген. Бүгінде балаларынан 22 немере тараған. Отағасының айтуы бойынша, отбасының 2 негізгі қағидасы бар. Алғашқысы – адамдардың бойындағы бар асыл қасиеттерді сіңіру, оны қазақтың салт-дәстүрі, мақал-мәтелі, шежіресі негізінде іске асыру. Келесісі – кейбір адам бойында кездесетін жаман қылықтардан аулақ болу.

Ал осындай үлгілі отбасыларды көпшілікке таныстыру, дәріптеу – шаңырақ шаттығын сақтап, неке, бала алдындағы жауаптылықты көтеруге көмектеседі.

**Айзада СЕРІКОВА,**  
**Тұран университетінің студенті**

## МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРДІ ОНЛАЙН АЛУ ТИІМДІ

**Мемлекеттік органдарға цифрлық технологиялардың енгізілуі азаматтарға мемлекеттік қызметтерді электронды форматта жылдам әрі өз бетінше алуға мүмкіндік береді.**

Қазіргі таңда ҚР Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті және оның аумақтық басқармалары тарапынан мемлекеттік қызметтер онлайн-режимінде көрсетіледі. Бұл қызметтерді «электрондық-үкімет» [www.egov.kz](http://www.egov.kz) веб-порталы және ұялы байланыстың абоненттік құрылғысы арқылы, яғни «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» комерциялық емес акционерлік қоғамына, КЕАҚ-на бармай немесе

Telegram мессенджерінде бір реттік SMS құпия сөзін енгізіп, «EgovKzBot» сервисі арқылы үйден шықпай, электрондық цифрлық қолтаңбамен алуға болады.

Сонымен қатар, мемлекеттік қызметтер: көрсетілетін қызметті берушілер, мемлекеттік корпорация, «электрондық үкімет» веб-порталы, стационарлық абоненттік құрылғысы, ұялы байланыс абоненттік құрылғысы, орталық мемлекеттік органдар айқындаған ақпараттандыру объектілері

жұмыс істейді, яғни электрондық қылмыстық істі дайындауды, жүргізуді, жөңелтуді және сақтауды ұйымдастыруға арналған СДТБТ-ның функционалы болып табылады.

Қылмыстық процеске қатысушыға интернет арқылы ақпараттық қауіпсіздік және құпиялық талаптарын сақтай отырып, қабылданған процестік шешімдер туралы және өзге де СДТБТ-да бар мәліметтерге, өзіне немесе қорғалатын адамға қатысты қылмыстық істің материалдарына қашықтан қол жеткізуге, яғни, үйден шықпай шағым және өтінішхат беруге мүмкіндік беретін СДТБТ-ның жария сектор функционалы жұмыс істейді.

Жария сектор арқылы жұмыс істеу үшін, қылмыстық процеске қатысушыға интернетке қосылу арқылы, электрондық цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып жария сектор функционалына тіркелу қажет.

**Т.АУБАКИРОВ,**  
**Алматы қаласы бойынша**  
**ҚСЖАЕК бөлім прокуроры**





## ЖАҢА ТАРИХ БАСТАУЫ

**Ақмола облыстық сотында Республика күніне арналған салтанатты іс-шара өтті. Шараға сот ардагерлері, судьялар мен сот мамандары қатысты.**

Республика күнін атап өту салтанаты Қазақстанның мемлекеттік Туын енгізу және мемлекеттік Әнұранды орындаумен ашылды. Ақмола облыстық сотының төрағасы Арман Жүкенов өзінің құттықтау сөзінде Қазақстанның жана тарихында еліміздің басты мерекелерінің бірі болып оралған, ұлттық мереке – Республика күнімен сот жүйесі қызметкерлерін құттықтап: «Республика күні – тәуелсіздік жолындағы халқымыздың тарихи еңбегі мен еркіндігін құрметтеудің символы» – деп атап өтті.

Құттықтау сөзден кейін Арман Жүкенов марапаттау рәсімін өткізіп, судьялар мен сот жүйесінің бірқатар қызметкерлеріне марапаттар табы-

стады. «Мінсіз қызметі үшін» медалімен Ақмола облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының судьясы Салтанат Бақытжанова, Көкшетау қалалық сотының судьясы Мүгүлсұн Сатыбалдина, Соттар әкімшісінің құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының бас маманы Жанар Жексенбаева, Жаркайын аудандық сотының кеңсе меңгерушісі Оксана Кунін, «Сот жүйесінің үздігі» төсбелгісімен соттардағы ішкі қауіпсіздік және сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бөлімінің басшысы Ардақ Нұрмағанбетов, Құрмет грамотасымен талдау және жоспарлау бөлімінің бас маманы Нұрбек Ержанов, Бурабай аудандық соты-

ның бас маманы Роза Капбасова, Алғыс хатпен мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының бас маманы Динара Байгазина, Соттар әкімшісінің Құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының бас маманы Ербаян Сүлейменов, Қосшы қалалық сотының кеңсе меңгерушісі Сания Исмаилова, Бұланды аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Наталья Ломакина, Целиноград аудандық сотының бас маманы-сот отырысының хатшысы Эльмира Мұратова, қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соты кеңсесінің бас маманы Юриян Салықова марапатталды.

Судьялар одағының Ақмола об-

лыстық филиалының «Құрмет грамотасымен» Соттар әкімшісінің талдау және жоспарлау бөлімінің басшысы Райымбек Жуанышев, құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасының бас маманы – сот отырысының хатшысы Бахтияр Закирянов және Алмас Бекішев, соттардың инфрақұрылымын қамтамасыз ету және дамыту бөлімінің бас маманы Нұрсұлтан Жетпісбаев, Судьялар одағының «Алғыс хатымен» қаржы бөлімінің бас маманы Мөлдір Нұрғожина, Егіндікөл аудандық сотының бас маманы Анар Жанабаева, Соттар әкімшісінің қызметкері Күлімжан Исумғалиева, кеңсе қызметкері Айжан Қауметова марапатталды. Салтанат мерекелік ән шашумен аяқталды.

**Ақмола облыстық сотының баспасөз қызметі**

## ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

**Киберқауіпсіздік қызметкерлерінің тапшылығы жойылған жоқ. Бұл «Энергетика, ақпараттық коммуникациялық технологиялар және жоғары білім» деп аталатын XII халықаралық ғылыми-техникалық конференция кезінде де айтылды. Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университетінде өткен бұл шараға отандық және шетелдік ғалымдар, мемлекет қайраткерлері мен өндірістік сектор өкілдері қатысқан болатын.**

## КСРО-НЫҢ АЛҒАШҚЫ ХАКЕРІ КІМ?

Онда Kaspersky кеңсесінің Орталық Азия және Моңғолия елдеріндегі негізгі клиенттермен жұмыс жөніндегі менеджері Ержан Куанышбеков ақпараттық қауіпсіздікті экономиканың барлық салаларында арттырудың қажеттілігін нақты фактілер арқылы дәлелдеп, мықты мамандар тек шетелде ғана емес, өз арамызда да жеткілікті екенін айтты. Оның айтуынша, өндірістік сегментте хакерлер шабуылы көбеюінің басты себебі бұрын олар оқшауланып, автоматтандыру деңгейі төмен болды. Ғылым мен техниканың дамуы жылдамдаған сайын олар корпоративтік жүйелермен қосарланып, қашықтан қолжетімділік артып, жүйелер саны күрт ұлғаюда.

«КСРО-дағы өндіріс орындарына жасалған алғашқы кибершабуыл 1983 жылы тіркелген. АвтоВАЗ-дың бағдарламалық жүйесіне жасалған өзгерістен соң зауыт жұмысы 3 күн тоқтап қалады. Ал алматылық Мұрат Өртембаевтың есімі Қазақстан ғана емес, КСРО-ның ең алғашқы хакері ретінде тарихқа енді. Ал бұл оқиғадан жасалған түйін мамандармен қарым-қатынаста кәсіби қызмет лайықты бағалануы тиістігін көрсетіп берді. Қазақстанда қазіргі таңда өнеркәсіптік трансформацияда автоматтық басқару жүйесі қауіп бар кәсіпорын 900-ден асады. Оның өндіріске қатысты 650-нің 50-і электр энергиясына, 50-і жылу энергиясына, 550-і басқа да салаларда. Ал өндіруге қатысты 260 компанияның 120-сы металлдар мен кенге, 80-і шикі мұнай мен ілеспе газға, 60-ы өзге де шикізаттарға қатысты. Сондықтан кәсіпорындар үшін басты қауіп-қатерлер қатарында: күрделілігінің артуы мен шабуылдардың жиілігі; ақпараттық қауіпсіздік жүйелерінің әртектілігі; реттеушілік талаптарға сәйкестену; өнеркәсіптік трансформацияда автоматтық басқару жүйесінің ақпараттық қауіпсіздік мамандарының тапшылығын атауға болады», – дейді Kaspersky кеңсесінің менеджері.

Осы арада хакер деген ұғымға анықтама бере кеткен артық болмас.

Әлемдегі күрделі деген ақпараттық бағдарламаларға да рұқсатсыз кіріп, оларды өз қалауынша өзгертіп, пайдалануға қажетті білім мен технологияны еркін менгерген адамдарға қатысты қолданылатын бұл терминнің аясы бүгінде өте кең. Өз қызметінің сапасын тексеру үшін олардың қызметіне не ақпараттық бағдарламалар мен басқару жүйелерін жасаушы компаниялардың өзі де тапсырыс беруі қалыпты нәрсе бола бастады.

Тіпті, бұл үшін қомақты қаржы ұсына-тындар да бар. Сондықтан оларға біреу киберқылмыскер, біреу заң бұзушы, біреу бұзақы, біреу ақпараттық-технология жүйесінің ұңғыл-шұңғылын оңай анықтап бере алатын ерекше маман деп қарады.

Өкінішке қарай, КСРО бойынша ресми түрде тіркелген алғашқы хакер Мұрат Қалмұхаметұлы Өртембаев туралы бүгінде мамандар болмаса, қарапайым жұрттың хабары аз. Сондықтан көпшіліктің көкейінде түрлі ой қалдыратын ерекше кәсіп иесі ретінде тарихта өз атын қалдырған отандасымыз туралды аз-кем мағлұмат бере кеткен артық болмас. 1955 жылы 31 мамырда Алматы қаласында өмірге келген ол физика-математика мектебін бітірген соң Мәскеу мемлекеттік университетінің механика-математика факультетіне оқуға түскен. 1978 жылы бұл жоғары оқу бітірген соң жолдамамен АвтоВАЗ-да инженер-бағдарламашы болып жұмысқа орналасқан. 1981 жылы жұмыс істеу мерзімі аяқталған соң елге қайтпақ болған оған бастықтар аға инженер лауазымына көтерілуге және жоғары жалақыға уәде беріп, өндіріс орнында қалуға көндірді. 1982 жылы маусымда зауыт басшылығының уәдесін орындамағанына ренжіген Мұрат Өртембаев олар-

ды тәубесіне түсірмек болып жоспар құрады. Ол бойынша бағдарламаға енгізген өзгерісті демалыстан келген соң өзі түзетіп, маман ретінде басшыларға өз біліктілігін дәлелдеуі тиіс еді. Басы сәтті басталғанымен, нәтижеге қолжеткізе алмады. Оның әрекетінен кейін зауыт 3 күн бойы өз жұмысын тоқтатып, кәсіпорынның жоспары бұзылып 460 автомобиль шығарылмай қалады. Жұмыс істемей тұрған кездегі жұмысшылар жалақысы мен жабдықтардың шығынының өзі 7176 рубль 79 тиынды құрады. Бұл сол кездегі екі «Жигулидың» құнымен пара-пар



болатын. Ең мықты деген бағдарламашылар жұмылдырылғанымен олар 3 күн бойы ақауды жөндей алмайды. Кейін бұл іске Мұрат Өртембаевтың қатысы бары белгілі болған кезде ол бірден өз кінәсін мойындайды. Алайда ол кезде қолданыстағы заңнамда хакерлік әрекет арнайы қарастырылмағандықтан М. Қалмұхаметұлы қасақана бұзақылық жасағаны үшін ғана айыпталып, сот тарапынан оған екі «Жигулидың» құнына бағаланған залалды өтеу мен 1,5 жыл шартты жаза тағайындалып, оны конвейерде слесарь ретінде өтеуге мәжбүр болады. Одан кейін мұнда бағдарламашы және біраз уақыт өндіріс орнының еншілес «Информсервис-Лада» және «Инфосистем» компанияларында жұмыс істеген М. Қалмұхаметұлы кейін отбасымен туған жеріне оралады. «Қазпошта» АҚ Ақпараттық технологиялар бөлімінің бастығы болып, онда жана IT шешімдерді әзірлеу және енгізу кезінде өз біліктілігін дәлелдеген ол 2010 жылдың 21 мамырында 55 жасында қайтыс болды. Артында Болат (1982) және Тимур (1984) есімді ұрпағы қалған оның әрекеті енді тек тарихты зерттеу кезінде ғана айтылады.

**Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,**  
«Заң газеті»

## АЙНА



## РЕСПУБЛИКА КҮНІН ҚАЙТАРУ – ЗОР МӘНГЕ ИЕ

Тарих – өткеннің жоқтаушысы, келешекке бағдар берер тамыршысы. Ұлт болып ұйысқан еліміздің тарихын тану, өткенін бағалау ұрпақтың басты парызы. Соның ішінде тәуелсіздікке қол жеткізуге көмектескен әр сәт, әр әрекет бағалы, ерекше құнды. Мызғымай-тындай көрінетін Кеңестер одағының көбесінің сөгіліп, ынтымағының ыдырауына ықпал еткен желтоқсан оқиғасын біз ғана емес, бұрынғы туысқан елдердің бәрі есінде сақтары анық. Ал азаттықтың заңдық негізін қалауға жол ашқан «Қазақ Кеңестік Социалистік Республикасының Мемлекеттік Егемендігі туралы» Декларацияның ел өміріндегі орны бөлек.

1990 жылы 25 қазанда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің он екінші шақырылымында тарихи құжат қабылданды. Декларацияның қабылдануы жас мемлекеттің қайыптасуының заңдық алғышартына айналды. Бұл құжатты көріп, танысқандардың бойында жеке мемлекет, тәуелсіз ел болуға деген сенім пайда болды.

Декларация негізгі 17 тармақтардан құралған. Онда ең алдымен Қазақстан халқы Қазақ КСР-індегі егемендіктің жалғыз иесі және мемлекеттік биліктің қайнар көзі деп жарияланды. Маңызды құжатта республиканың барлық азаматтары үшін лайықты және тең өмір сүру жағдайларын жасауға ұмтылыс жасалды. Сонымен бірге, экономикалық қауіптіліктің қайнар көзі болып табылатын объектілердің қызметіне және жұмыстарына тыйым салатын экологиялық қауіпсіздік қағидаттарын негіздеді.

Бұған қоса, әрбір ел үшін басты ұстаным саналатын мемлекет тұтастығы мәселесіне айрықша мән беріл-

ді. Осылайша декларацияда Қазақ КСР-інің аумағы бөлінбейтіні және қол сұғылмайтыны, оның келісімінсіз аумақты пайдалануға болмайтындығы жария етілді. Декларацияда ұлттық мемлекеттілікті қорғау және нығайту, төл мәдениетті, салт-дәстүрлерді, тілді жаңғырту мен дамыту және қазақ ұлтының, Қазақстанда тұратын басқа ұлттардың ұлттық қадір-қасиетін

нығайту мәселесі де негізгі шарттардың бірі ретінде дәйектелді. Дәл осы декларацияда мемлекеттік билікті – заң шығарушы, атқарушы және сот билігі деп бөлу принциптері көпшілікке жария етілді.

Тәуелсіздікке жақындатқан Декларацияның құрметіне 25 қазан Республика күні болып бекітілгені белгілі. Алайда, 1992 жылдан бастап атаулы күндер қатарына енгізіліп, 2001–2009 жылдар аралығында мемлекеттік мереке ретінде тойланған бұл күн 2009 жылдан бері атаулы күндер қатарынан түсіп қалған болатын. Мемлекет басшысы Қ.Токаевтың Ұлытауда өткен Ұлттық құрылтайдағы ұсынысынан кейін республика күніне қатысты үлкен өзгерістер қолға алынды.

«Ұлттық мерекелер мен атаулы күндер тізбесіне бірқатар өзгерістер енгізген жөн. Мен Республика күніне ұлттық мереке мәртебесін қайтаруды ұсынамын. Сондықтан қазанның 25 – Егемендік күнін еліміздің басты мерекесі ретінде атап өтуіміз керек. 1990 жылы 25 қазанда Қазақстанның егемендігі туралы Декларация қабылданды. Бұл еліміздің тәуелсіздік жолындағы тұңғыш қадамы болатын, – деп атап өтті Ұлттық құрылтайда Қасым-Жомарт Тоқаев.

Міне, биыл біз қайта оралған ұлық мерекені атап өттік. Республика күні – тәуелсіздіктің символы ретінде халықтың рухын көтеретін, ынтымағын нығайтатын, бір мақсатқа ұйытатын айтулы күнге айналарына күмән жоқ.

**Талант ТІЛЕП,**  
**Қызылорда қалалық мамандандырылған тергеу сотының судьясы**

## ПӘРМЕН

## ЗАҢҒА БАҒЫНБАУ – ҚЫЛМЫС

Қызылорда облысы бойынша ҚАЖ департаментіне қарасты Жаңақорған аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған сотталған Б.-ның сотпен жүктелген міндеттерді орындамауына қатысты ісі Жаңақорған аудандық сотында қаралды.

Қайта қылмыс жасамауға ықпал ету мақсатында, онлайн түрде өткен сот отырысына пробация қызметі есебінде тұрған басқа да сотталғандар қатыстырылды.

– Сотталған Б. сот белгілеген міндеттерді орындамай, жаза өтеу мерзімінде өзін теріс жағынан көрсетті. Сонымен қатар, ол белгіленген күндері пробация қызметіне тіркелуге келмеген және

тексеру кезінде тұрғылықты мекенжайында болмаған. Одан бөлек, пробация қызметін хабардар етпей, белгіленген әкімшілік аумақтық шегінен шығып, ішкілікке салынып ҚР ӘҚБтК-нің 440-бабы 1-бөлігі, 434-2 бөлігінің талаптарын бұзып әкімшілік құқық бұзушыларды жасаған, – дейді Жаңақорған аудандық пробация қызметінің бастығы Анарбек Батырбекұлы.

Сот шешімімен, сотталған ер адам өтеу шарттарын бұзғаны үшін бас бостандығын шектеу түріндегі жазасы бас бостандығынан айыру жазасына ауыстырылды.

**Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД**

## ПРОБАЦИЯ

**Қазіргі таңда пробация есебіндегі азаматтардың басым көпшілігі жеке кәсіпке бөт бұрған. Бұл пробация инспекторлары мен жергілікті атқарушы органдар өкілдерінің бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесі.**

## СОТТАЛҒАН АЗАМАТ 1,2 МЛН ТЕҢГЕ ГРАНТ ҰТЫП АЛДЫ

Кәсіп ашуды мақсат еткен пробация есебіндегі Б. есімді азамат «Нәтижелі жұмыспен қамту және жаппай кәсіпкерлікті дамыту» бағдарламасының «Бастау бизнес» жобасы бойынша бір айлық «кәсіпкерлік негіздері» курсын оқып, онлайн тест тапсырып сертификатын алып, өз жобасын қорғап шыққан. Нәтижесінде мемлекеттен қайтарымсыз 1 млн 225 мың 200 теңге грант ұтып алды.

– «Бастау-бизнес» жобасы арқылы онлайн оқып, кәсіпкерлік жүргізудің қыр-сырын үйрендім. Қазіргі заманда жұмыс жасап, тұрмысын түзеймін деген жандарға мемлекет тарапынан көптеген мүмкіндіктер берілуде. Мал шаруашылығымен, бизнеспен айналысам деген адам қорықпай екі білетін сыбанып, екі қолға бір таяқты ұстап, малдың артынан қалмай, оны күтіп-бакса рахатын көретіні анық. Мемлекет тарапынан берілген қайтарымсыз қаражатқа мал шаруашылығымен айналыссам деп отырмын, – дейді есептегі сотталған. Аудандық пробация қызметінің инспекторы Жаксыбек Жүнісовтің айтуынша, тағы бір есептегі азамат курсты толық аяқтап, тест тапсырып, сертификатын алған.

– Мемлекетіміз тарапынан жасалып жатқан бұндай көмектер пробация қызметі есебіндегі азаматтарды қайта әлеуметтендіруге зор көмегін тигізуде, – дейді Жаксыбек Жүнісов.

**Дана ДОСТАНОВА,**  
**Қызылорда облысы бойынша ҚАЖД**



ЖЕГІҚҰРТ

ТЕКСЕРІС

## НӨТИЖЕ БІРЛІКТЕ!

**Еліміз үшін сыбайлас жемқорлықпен ымырасыз күресу мемлекеттік саясаттағы негізгі басымдықтың бірі болып отыр. Заң үстемдігін орнатып, нағыз құқықтық мемлекет құру үшін, ең алдымен, жемқорлықтың тамырына балта шабылуы керек. Сондықтан еліміз жемқорлықты жоюға баса мән беріп отырғанын түсінуіміз қажет.**

Қазіргі заманғы әлемде сыбайлас жемқорлықпен күресуді күшейту жұмысы үздіксіз жүргізілуде және әрдайым жетілдірілу үстінде. Уақыт сұранысына сай жемқорлықпен күреске бағытталған заңдар да, талаптар да күшейе түсу үстінде.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бір адамның емес, көпшіліктің белсене атсалысатын ісі. Көп болып күрескенде ғана жемқорлықты түбірімен жоя аламыз. «Көп қорқытады, терең батырады» дегендей

көпшілік бірлесе, сыбайлас жемқорлыққа мықты тосқауыл қойылатыны сөзсіз. Сондықтан, қоғамның бірлескен күшін күшейтуіміз қажет. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлықпен күресте тек құқықтық органдар ғана емес, азаматтық және қоғамдық ұйымдар маңызды басымдық беріп, белсенділік танытулары тиіс. Жемқорлықпен күреске қатысты Мемлекет басшысы жыл басында «Жемқорлық әрекеті үшін сотталған азаматтарды шартты түрде мерзімінен бұрын боса-

туға тыйым салынды. Соттарға, құқық қорғау қызметкерлеріне, пара бергендерге және делдалдарға қатаң жаза қолданылатын болды. Былтырдан бері жалпыға бірдей салық декларациясын тапсыруды бастадық. Осы және басқа да шаралар айтарлықтай нәтиже беріп, жемқорлық деңгейі төмендеді. Дегенмен, түбегейлі өзгеріс әкелген жок. Мұны ашық айтуымыз керек. Азаматтарымыз әлі де күнделікті өмірде сыбайлас жемқорлық жағдайларымен бетпе-бет келуде, – деген болатын. Демек Президентіміз жемқорлықпен күрес тәсілін жіті қадағалауда ұстап отыр деп айта аламыз.

**А.КАРЫБАЕВА,**  
**ҚР ИМ ҚАЖК №24 мекеме**  
**РММ жедел бөлімшесінің жедел**  
**уәкілі, әділет майоры**

ҚЫЗМЕТ

## ҚОҒАМДЫҚ ТӘРТІПТІҢ ҚОРҒАУШЫЛАРЫ

**Мемлекеттің демократиялық даму жолында азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын әділдігі мен негізін құрайтын маңызды тармағының бірі – сот жүйесі.**

Сот төрелігінің сапалы жүзеге асырылуы – азаматтардың мемлекеттік құқықтық саясатқа, билікке сенім арттыруының кепілі. Сонымен қатар, өз құқықтарын қорғау мақсатымен сотқа жүгініп барған азаматты сот ғимаратында алғаш болып қарсы алатын сот приставтары. Өйткені, сотқа келушілер тарапынан, сот мамандары мен басқа да тұлғаларға келуі мүмкін қауіп бетін қайтару сот приставына жүктеледі. Сотқа келген адамдарды алғаш қарсы алатын, тізімге тіркеп кіргізетін – сот приставы. Сот приставының қызметі – өте

жауапты жұмыс болып табылады. Сот приставы туралы заңдар ҚР Конституциясына негізделген және Қазақстанның басқа да нормативтік құқықтық актілерінде көрсетілген. Сот приставының негізгі міндеттері: 1) сот отырысы кезінде залда қоғамдық тәртіптің сақталуын бақылау; 2) бас бостандығынан айыруға байланысты емес жазалардың орындалуын бақылау; 3) іс жүргізу әрекеттерін орындауда сотқа жәрдемдесу, тағы да басқа жауапты істерді атқару. Сот приставына кемінде жиырма бір жасқа толған, заң жағында оқыған орта білімі бар, сондай-ақ, денсаулық жағдайы жақсы, арнаулы тексерістен өткен Қазақстан азаматы тағайындала алады.

**Е.САТТЫҒҰЛ,**  
**Ақтөбе қаласы №2 сотының аға сот приставы**



## «УЧАСКЕ» – ЖЕДЕЛ-ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ АУҚЫМДЫ ШАРА

Маңғыстау облысы аумағында жедел жағдайларды тұрақтандыру, оның ішінде қызмет көрсететін әкімшілік учаскелердегі құқық бұзушылықтың алдын алу, сондай-ақ, әкімшілік аймақты аралап шығу жолымен экстремизм мен терроризм көріністерінің алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында «Учаске» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Маңғыстау облысы бойынша ҚАЖ департаментінің пробация қызметкерлері есепте тұрған тұлғаларға қатысты бірқатар шаралар ұйымдастыруда.

Қазіргі уақытта Маңғыстау ауданы пробация қызметінде 40-қа жуық сотталған есепте тұр. Олардың ішінде 10-нан астамы қылмыс жасауға бейім тәуекел тобына жатқызылатын тұлғалар. Осы шара барысында қызметкерлер бірінші кезекте қылмысқа бейімділер

санатына жатқызылатын сотталғандарды мекенжайлары бойынша тексеріп, олардың туған-туыстарымен, сондай-ақ, олардың түзелуіне ықпал жасай алатын адамдарды қатыстыра отырып, түсіндірме жұмыстарын жүргізуде. Сондай-ақ, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған тұлғалардың тарапынан болатын құқық бұзушылықты және қылмыстың қайталануын уақытылы анықтау үшін арнайы дерек базалары және ішкі істер органдарының өзге де есептері бойынша қадағаланады. Айта кету керек, шара қараша айының 15-не дейін жалғасады.

**Габит ЧУТАБЕКОВ,**  
**Маңғыстау облысы бойынша**  
**ҚАЖД пробация қызметіне**  
**басшылық ету бөлімшесінің**  
**бастығы**

## ЖАРНАМА

ТАРАТУ

2. «YASINA GROUP» ЖШС (БСН 211040028134) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Әйтеке би көшесі, 43 үй.

3. «Рамида 8» ЖШС, БСН 220240033305, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қордай ауылы, Төле би көшесі, 35 үй, индекс 080400.

4. «Нұржаусын-Б» бөбекжай балабақшасы» жеке мекемесі» ЖШС (БСН 171040033428) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Жаңақорған кенті, Қадір Тағаев көшесі, 6 үй. Тел.: 87027715250.

7. «Мырзашөл Несие» Несие Серіктестігі» ЖШС, БСН 061240003212 (Түркістан облысы, Жетісай ауданы, Жетісай қаласы, Яссауи көшесі, 4/2) тіркелген өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жетісай қаласы, тел.: 87013734563.

8. «Nostrum Services Central Asia» ЖШС, БСН 060640003732 (заңды мекенжайы: Алматы қаласы, Ақсай-3А ықшамауданы, 75/38 үй), өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақсай-3А ықшамауданы, 75/38 үй. Тел.: 87017896729.

МҰРАГЕРЛІК

9. 10.05.2022 ж. қайтыс болған аз.Боранбаев Курманбек Медетбековичке қатысты мұрагерлік істің ашылуына байланысты мұрагерлері және мүдделі тұлғалар Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Сейфуллин көшесі, н/ж, «Шаңырақ» сауда орталығы мекенжайында орналасқан жеке нотариус А.Есимхановқа хабарласуы қажет. Тел.: 87014743502.

**Алдағы сактандыру портфелін беру туралы сактанушыларға (пайда алушыларға) ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Сактандыру кызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 371-бабы, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 ж. №262 қаулысының, Директорлар кеңесі 2022.10.28 шешімінің негізінде №45 хаттама, «Коммекс-Өмір» Сактандыру компаниясы» АҚ, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 22.01.2019 ж. берген «жалпы сактандыру» саласы бойынша сактандыру (кайта сактандыру) кызметін жүзеге асыру құқығына №2.1.63 Лицензия, келесі мекенжай бойынша орналасқан: Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19, тел.+7 (727) 244 74 00, +7 701 244 74 00, сактандыру саласының «жалпы сактандыру» саласына өзгеруіне байланысты, сактандыру (кайта сактандыру) шарттары бойынша, оның ішінде қолданылу мерзімі өткен, олар бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ сактанушылар (сактандырылушылар, пайда алушылар, кайта сактанушылар) алдында міндеттемелері болатын немесе болашақта міндеттемелердің туындау ықтималдығы бар сактандыру (кайта сактандыру) шарттары бойынша қабылданған тәуекелдер бойынша «Коммекс-Өмір» СК» АҚ міндеттемелерін тартатын сактандыру портфелінің келесі сактандыру түрі (сыныбы) бойынша лицензиясы бар басқа сактандыру ұйымына (ұйымдарына) беру туралы хабарлайды.

**1. ерікті түрде:**  
1) жазатайым оқиғалардан сактандыру;  
2) ауру жағдайына сактандыру;  
3) автомобиль көлігін сактандыру;  
4) теміржол көлігін сактандыру;  
5) әуе көлігін сактандыру;  
6) су көлігін сактандыру;  
7) жүктерді сактандыру;  
8) «Сактандыру кызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 3-тармағының 3)-7) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды қоспағанда, мүлкті заңалдан сактандыру;  
9) автомобиль көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
10) әуе көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
11) су көлігі иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
12) кәсіби жауапкершілікті сактандыру;  
13) «Сактандыру кызметі туралы» Қазақстан Республикасы заңының 6-бабы 3-тармағы 9), 10), 11), 11-1) и 11-2) тармақшаларында көрсетілген сыныптарды

қоспағанда, азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сактандыру;  
14) қарыздарды сактандыру;  
15) басқа қаржылық шығындардан сактандыру;  
16) сот шығындарын сактандыру.  
**2. міндетті түрде:**  
1) көлік құралдары иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
2) тасымалдаушының жолаушылар алдындағы азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
3) кызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру;  
4) экологиялық сактандыру.

**3. кайта сактандыру кызметі.**  
Сактандыру портфелін беруді басталауы 2022 жылдың 1 қарашасы. Сактандыру портфелі берілетін сактандырушы-сатып алушыны таңдау туралы Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында таратылатын екі мерзімді баспа басылымында, қазақ және орыс тілдерінде және «Коммекс-Өмір» СК» АҚ интернет-ресурсында хабарландыру жариялау арқылы қосымша хабарланатын болады.

Сондай-ақ, «Коммекс-Өмір» СК» АҚ компанияның барлық органдарының өкілеттіктері шектеусіз өзгеріссіз қалатыны хабарлайды.

Сактандыру шарттарын беруге келіспеген жағдайда сактанушылардың қарсылықтары жазбаша нысанда, бас кенесің орналасқан жері бойынша: Алматы қ., Наурызбай батыр көш., 19, осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде беріледі.

Осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сактанушының (кайта сактанушының) жазбаша қарсылығының болмауы сактанушының (кайта сактанушының) осы баптың 1-тармағының 2) тармақшасында көрсетілген сактандыру сыныптары бойынша сактандыру портфелін беруге келісімі ретінде қаралады.

Сактанушының (кайта сактанушының) кепілдік берілмейтін сактандыру сыныптары (түрлері) бойынша сактандыру портфелін беруге жазбаша қарсылығын алған жағдайда, осы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде сактандыру (кайта сактандыру) шарты бұзылады.

Кайта сактандыру бойынша сактандыру портфелін беру кайта сактанушының (иеленетін) осындай беруге келісімі болған кезде ғана жүзеге асырылады.

ӨРТҮРЛІ

5. «БҚО әкімі аппаратының шаруашылық басқармасы» ЖШС, БСН 010740002558, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, БҚО, Орал қаласы, Нұрсұлтан Назарбаев даңғылы, 179 үй.

10. «Grand Hotel «Tien-Shan» ЖШС (БСН 040340009794) жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: ҚР, Алматы қаласы, Медеу ауданы, Бөгенбай батыр көшесі, 115 үй. Тел.: +7(727)2449600.

**11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы хабарландыру**  
«Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы» КММ 2022 жылы 12 желтоқсанда сағат 11.00 баум тоғайында УАК бойында «Қонаев атындағы УАК гидротехникалық құрылыстарымен күрделі жөндеуге жобалық-сметалық құжаттаманы әзірлеу» атты жобасының «Қоршаған ортаны қорғау» тармағы бойынша ашық жиналыста талқылау түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды. Нысандардың әсері таралатын жақын жерде орналасқан аумақтар – Алматы қаласының Алатау, Жетісу, Медеу, Түркісіб аудандары.  
Жұртшылық өкілдері қоғамдық тыңдау материалдарымен Бірыңғай экологиялық порталы <https://ecportal.kz/> сайтының «Ашық жиналыстарда талқылау» айдарында таныса алады.  
Бастамашы: «Алматы қаласы экология және қоршаған ортаны қорғау басқармасы» КММ, тел.: 8 727 262-16-13, e-mail: [almaty@gov.kz](mailto:almaty@gov.kz)  
Жобалау ұйымы: ЖК «Бейсенқұлов М», тел.: 87773910235, e-mail: [murat\\_eco@mail.ru](mailto:murat_eco@mail.ru)  
Бірыңғай экологиялық порталдың сайтында өз пікірлеріңізді, ұсыныстарыңызды білдіріп, сұрақтарыңызды қоюға болады: <https://ecportal.kz/>.

ҚҰЛАҚҚАҒЫС!

**ХАБАРЛАНДЫРУ БЕРУДІҢ ТӨТЕ ЖОЛЫ**  
**«ЗАҢ» Медиа-корпорациясының жарнама бөліміне хабарласыңыз немесе [zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru) электронды поштасына жолдаңыз.**

**ТЕЛЕФОН: 292 43 43, 8 708 929 9874**

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-43-43,  
  
8 (708) 929-98-74  
  
E-mail:  
[zanreklama@mail.ru](mailto:zanreklama@mail.ru)  
[zanreklama.kz](mailto:zanreklama.kz)

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

ЖК «Кандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 [www.gazetysaiy.kz](http://www.gazetysaiy.kz), e-mail: [vsegazety@mail.ru](mailto:vsegazety@mail.ru)  
Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 208 кеңсе.

ЖК «Best Agency», мекенжайы: Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш.қиылысы, 209 кеңсе. Тел/Whatsapp 8 707 280 09 12.

«KAIIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: [kaldybaeva@mail.ru](mailto:kaldybaeva@mail.ru). Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агентство» ЖШС, Павлодар қаласы,Крульская көшесі,61,кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС «РУТА» ЖА), директоры Кривильева Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов қ. бұрышы) РВК банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: [nazar.reklama@gmail.com](mailto:nazar.reklama@gmail.com)

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ.,К.Мұхаметханов көшесі,23 «А»,104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18,8(708)4672701

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Өуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынұлы ЖК, Петропавл қ.,К.Сүтішов көшесі,58,30-бөлме,3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57,ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ.,Желтоқсан көшесі,18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы),Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ.,Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05,ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: [zan-at@gmail.ru](mailto:zan-at@gmail.ru).

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ.,Л.Толстой көшесі,28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. [ardawka\\_94@mail.ru](mailto:ardawka_94@mail.ru), Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ.,ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 8705847221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй,407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖҚО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы,Қазақстан Конституциясы көшесі,28-үй,1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77,8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы,Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222,ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы,60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.



## БАЙҚАУҒА!

*(Соңы. Басы газеттің №85-86 санында)*

Өңгімені Ғазиз бастады:

Ойпыр-ой... Мардан дұрыс айтқан екен. Марқұм сойқан екен ғой... Апта-сына екі рет мейрамханаға барады. Екі қызбен жүреді дейді, мынау тажал ғой. Жұрт семьясын қалай асыраймын деп басы қатып жүрсе. Бұл сонда ақшаны қайдан алады, ә? Қайтыс болатын күні де сонда болыпты, Ерке атты көңілдесімен. Сағат кешкі тоғыздан өте шығыпты. Даяшы қыздар Еркенің тек сенбі күні ғана келетінін және Түркістаннан екендігін айтты. Сонда қалай?

Токтаровтікі көп қабатты «Г» типтес үй ғой. Ауқаттылар тұратын үй, лоджия аулаға қараса, балкон үйдің келесі бетінде, үлкен көшеге қараған. Оныкі «Г»-нің ұзын жағында. Қысқа басында тұратын бір кәсіпкердің үйіндегі бейне бақылауда олар анық көрінеді екен. Кәсіпкер өзін атамауды өтінді, жазбаны толық көшіріп алдым. На всяки случай деп құжаттадым, бірақ, анау да тіс жара қоймас өзі үшін. Қазір жігіттер қосып берсін.

Бейне бақылау құрылғысы шетелдік сапалы дүние болса керек, жазба анық екен. Міне, Токтаровтың үй алдындағы автотұраққа келіп, машинадан түскен сәті, машинаның келесі есігінен көңіл-десі түсті. Жүрісінен аңғарылары сәл масаңдау сияқты. Еркек машина есігін пультпен жабамын деп кідірген тұста ол төңірекке көз салып, бейнекамераға тура қарай қалған. Ажарлы-ақ екен. Екеуі қолтықтасып бірінші подъезге бет алды. Міне, такси келіп, екінші подъезге тоқтады. Барлығы тура Марданның айта-нындай. Олар үйге кірген соң такси кетіп қалды. Бір сағаттай уақыт өте Токтаров-тың машинасы жанына ақ түсті «Ланд Крузер Прадо» автокөлігі келіп тоқтады. Мемлекеттік нөміріне дейін көрініп тұр, Жамбыл облысынікі. Одан түскен еркек пен әйел де бірінші подъезге беттеді. Жарты сағаттан соң әлгілер оралған үлкен кілемді әкеліп, көлік жүк салғышына салды да, жүріп кетті.

Жігіттер ойға кетті. Тыныштықты Бек бұзды.

– Әлгі джиптің біздің іске қатысы бар сияқты. Оның ауладан кеткен уақыты мен сараптамадағы мәйітке қатысты олу уақыты шамалас.

– Дұрыс. Ғазиз сәл ойлайын қалды да: – Жігіттер бұл туралы ешкімге... Сендер записығі көрген жоқсындар. Түсінікті ме? – Түсінікті.

– Егер біреуімізден сөз шықса – онда тізбектеле бәріміз жауап береміз. Сондықтан сақ болыңдар. Жақсы, жұмысқа барып, бастықтардың көзіне түсіп, көрінгендерің дұрыс. Олардың да барлығы бірдей емес, іштеріңде нағыз азаматтар да бар. Қырттар да аз емес...

Олар кетісімен Ғазиз Бекке қарап бір уақ үнсіз қалды. Сосын шылымын шыырып біраз отырды да өңгімеге оралды.

– Бек! Жаңағы видеодағыны мен таныдым. Ол бұрын осында прокуратурада істеген, кейін сотқа ауысты, қазір Тараз қаласында сот, марқұм Токтаровтың қайынағасы, оны прокуратураға апарып жүрген де осы. Қасындағы Токтаровтың әйелі. Түн ішінде ағалы-қарындастылар неғып жүр, қайдан келді, көтеріп шыққан үлкен кілемі несі? Егер олардың бұл іске қатысы болса – онда бізге өте қиын соғатын сияқты. Сенгім келмесе де, осылар бірдеме бүлдірді-ау деп ойлаймын. Жүрегім сезеді... Нәлет-ай, адам азды ма, заман азды ма?! Қазір тіпті шошисын ғой адамдар әрекетінен... Өзін өртеу, туған баласын туалетке тастап жіберу, өзіне-өзі қол салу, кісі өлтіру деген тауық сойғаннан да жеңіл болып кеткен сияқты ма. Тіпті, туысын, туған бауырын, әке-шешесін өлімге қиғандар да кездесуде. Ай... Алла-ай...

\*\*\*

Бек пен Ғазиз тағы да бұрынғы пәтер-де бас қосты.

– Ғазеке! Іс өзіне-өзі қол салу емес, кісі қолынан болған өлім бағытына бұрылды. Енді тездетіп қылмыскер құтылып кете алмайтындай жағдайда әрекет етуіміз қажет. Беделді, дүмді адамдардың ара-ласуы да мүмкін. Осы іске кіріскенде мұны сездік және барлығына дайын

болдық қой. Басшылар әзірге мұнымен тек мен ғана айналысып жүр деген ойда. Түркістандықтарды іздеу де бізге келіп тірелді. Мейрамханадағылар олар жіберген суреттен Ерке деп танып отыр. Қырық күнге таяп қалды. Сонда ол қайда кетті? Бұл жерде бір емес, екі адамның өлімі болған сияқты.

– Иә. Мен де біраз жәйтті анықтадым. Осыдан екі күн бұрын Токтаровтың үй жағын шөла өтейінші деп бара қалмаймын

керек дегеніне қосыламын. Қазақ салты бойынша өлік шыққан үйді қырқына дейін тазалап, қағып-сілкімейді. Ас беру өткен бойда кіріскен дұрыс болар, одан кешіксек көп нәрседен айырылып қалуымыз мүмкін.

Осы келісімге тоқтаған екеуі Токтаровтың асынан кейін Айдарлыдан келген оның үлкен бажасымен де, қайынбикесімен де кездесіп, жауаптарын хаттамаға түсірді. Олардан бұл туралы

өңі сәл сұрлана түсті. Тергеуші мұның тегін емес екенін сезді. Ақсақал келініне қарап: «Бөлмең жинаулы ма еді? Жігіттер қарай берсін бе?» – деді. Әйел басын изеді, саусағын тістелегенімен онысы қолының дірілін баса алар емес.

Табалдырықта тұрып Бек жатын бөлмені шөла қарап шықты. Кең бөлме, жатын төсек төрде. Қабырғалық киім жиһазы мен төсек арасын көзбен өлшеді, үш метрден асар, ұзындығы төрт метрдей.

# ҮТІКТЕГІ ҚАН



ба. Подъезден бір әйел шығып келеді екен, көзі қызарған, жылағаны көрініп тұр. Аз айтып, көп айтып не керек, қатарласа жүріп әңгімеге тарттым. Сөйтсем...Токтаровтың әйелінің жеңгесі екен, Тереңөзектен келіпті. Пай-пай, бір сөзуар жан екен, біраз дүниені ақтарып салды. Жалпы, картина ашылуға жақын сияқты. Мына әйел екі-үш күнде қайын сіңісіне келіп кетіп тұрады екен, анаған жаны ашып: «Есі ауып кетпесе болар еді, адамға мәңгіріп қарайды да отырады», – дейді. Бұлар, жылда осы уақытта әке-шешелеріне ас беріп, құран оқытады екен. Тараздағы суды қайыңсы, Ақмешіттегі қайынсіңілісі өткенде соған қатысыпты, марқұм күйеу балаларының жұмыстан қолы тимепті. Ал, оның әкесі туған құда ғой, бірнеше адам болып басқа машинамен барыпты. Ас тарағасын ағасы мен қарындасы құдалардан біраз кеш шыққан көрінеді. Олардың Тереңөзектен шыққан уақыты мен қалаға жету уақытын есептесек тура ана видеозаписітегі уақытқа келіп тұр. Мен байкатпай барлығын сотканы диктафонына жазып алдым. Енді алғашқы хаттамада бұлар Айдарлыға қонып, ертенгісін келдік дегенін анықтау керек.

– Мен алғаш шақыртумен барған топ Токтаровтың пәтерін толық зерттемеді-ау деген ойдан арыла алмай жүрмін. Бір талып, бір жылап әйелі отырса, түнеріп судья жүрсе, қайғыға батып ветеран-полковник тұрса қалай толық қарай алады. Сол пәтерді қайта қарауға рұқсат алатын шығармын. Оның үстіне мәйіттің іші мен арқасындағы іздерді біздің жігіттер құлаған кезде сырылғаннан деп таныпты, сол негізі тырнақ іздері болуы да мүмкін, маған солай көрініп тұр. Мен осыны тағы бір ақылдасайын сарапшылармен. Сосын дабыра қылмай Айдарлыға барып келу керек шығар. Алғашқы жауаптарында ағалы-қарындасты екеуі де Тереңөзектен шыққасын Айдарлыға кеттік дейді. Ал уақыт сәйкес келмейді. Олардың сонда қонақ ойлары болса неге жолға апа-жездерімен бірге шықпаған? Бұлар неге ол ауылға бөлек барады?

– Оның қажеті бола қоймас. Жұртты шулатпай-ақ қоялық. Екі күннен соң Токтаровтың қырқы екен, жаңағы әйелден есіттім. О жақтағылар соған келуі тиіс. Сол кезде анықтаймыз. Тараздық қонақ, әлгі Токтаровтың қайнағасы Бейсенбаевты айтамын, ол да қайтпапты. Еңбек демалысында екен, күнде тойлатып жүр. Күйеу баласының қырқынан кейін қайтпақ шамасы. Сонан соң, әлгі қайта қарау

жарияламауға келіскен соң Бек барлығын ой елегінен тағы бір өткізді. «Апырай, бағыт бұлай бұрылар деп кім ойлаған. Әлгілердің айтуы бойынша ағалы-қарындасты екеуі олар жатып қалғасын барыпты. Шамамен түнгі он екілерде. Егер Токтаровтың өлген уақытымен бұларға Айдарлығы дейін кететін уақытты салыстыра қараса сәл ғана, он бес минуттай айырмашылық шығады. Тездету керек енді».

Сол күні түс ауа ол әлгі үйді қайта қарауға қалай рұқсат аламын деп ойлана бастыққа кірмек болып тұрғанда қабылдау бөлмесінде Токтаровтың әкесі жолыға кетті. Ардагер жүзіндегі әжімдер терендей түскен, ұйқысыз талай танды атырғаны көзінен аңғарылады. Мұны танытынын аңғартты. Екеуі қабылдау күтіп қатар отырды. Ақсақал баяу, бірақ зілді үнмен тіл қатты: «Іс не болып жатыр?» Бек онымен оңаша сөйлеспек ойын ыммен аңғартып, екеуі коридорға шыққан кезде ардагерге өлімнің кісі қолынан болуы мүмкіндігін баян етті. Бұрын тергеу, қылмысты іздестіру саласында көп жыл қызмет атқарған тәжірибелі адам бірден түсінді.

– Осы туралы зам по следствиенден білейін деп келген едім. Енді оған кірудің қажеті болмай қалды.

– Мен сол кісіден балаңыздың үйін қайта қарауға рұқсат алғалы келіп едім.

– Рұқсаттың қажеті жоқ. Ол үй менің атымда. Қазір кіші баламен бірге тұрған-мен бұл үйге фактискейі қожайын жамын. Мен беремін рұқсатты. Құрал-жабдықтарыңды дайында да келе бер. Мен сол үйде боламын.

Бек істің сәті түскеніне қуана өз кабинетіне қарай беттеді. Ойын бір қорытып, марқұмның үйіне барғандағы жұмысты да жоспарлап қоймақ. Шіркін, сол үйден айғақ табылса ғой. Өзінің ішкі ойы – мәйіт құлаған жердегі қанның аз болуы ол пәтер ішінде өлген дегенге саяды.

\*\*\*

Бұларға есікті ардагердің өзі ашты. Залдағы диванда отырған қаралы киімдегі келіннің бұларды жақтырмағаны қабағынан аңғарылады. Бек залға кіргеннен-ақ оқиғаның бұл жерде болмағанын түсінді, себебі, оның терезесі лоджияға шығатын және ол аула бетте еді. Ал, бұған керегі келесі көше бетке қарайтын балконы бар бөлме болғандықтан бұл ардагерге жатын бөлмені көргісі келетінін айтты. Көз астымен марқұмның әйелін бақылауда. Жатын бөлмені қарау туралы айтылғанда ол дір ете қалғандай болды,

«Сонда бұл жер төсенішсіз жатқан ба? Өткендегі кілем осы жердікі болмасын?» Оның санасына алғаш келген ой осы болды. «Марқұм қайтыс болғалы бөлме төсеніштері мен жиһаздар орнынан қозғалды ма, не алынып тасталғандары жоқ па?» –деген мұның сурағына әйел «жоқ» – деп қысқа жауап берді.

Криминалистер іске кірісті. Он бес жылдан аса осы салада қызмет еткен майор бөлменің жақсы тазалаудан өткенін мәлімдеді.

– Мұны неге сүйіне айтып тұрсыз?

– Әдетте терезе жақтауларында саусақ іздері қалапты. Мұнда бірде-бір із қалмаған. Үй иелерінің саусақ іздері де қалмауы осыны көрсетеді.

Бек бір сәт өзін жатын бөлмеге тосыннан кіріп келген жанның орнына қоя қарады. Мұның болжағанындай Токтаров көңілдесімен төсекте жатты десек, кіріп келгендер қандай әрекетке барады? Әрине, әйелдің күйеуін бас салары анық. Олай болса, марқұмның арқасындағы, ішіндегі тырнақ іздері әйелінікі. Ал, күйеу тұрды, не әйеліне қол жұмсады делік, онда әйелдің ағасы қандай әрекетке барады? Сөз жоқ, ол күйеу баласына қол жұмсайды, қолына түскенмен ұруы мүмкін. Бек оң қол жакта киім үтіктеу үстелінің үстінде тұрған үтікті көрді. Осымен ұруы мүмкін. Ол бірден шешім қабылдады, криминалистке үтіктің ішін ашып қарауды тапсырды. Әйелдің түрі өзгеріп кетті, жүрегі қысылғандай кейіп танытты. Бек бағыты дұрыс екенін ұқты. Жатын төсекті аударып қараған тұста олар мұнда да толық тазалау жүргенін сезді. Бірақ, матрац тігісіне қыстырылып қалған тырнақтың сынығы тергеушіге «Іздегенінді таптын» деп тұрғандай болды. Өне-міне дегенше ашылған үтік ішінен көрінген қанға ұқсас жұғынды барлығын күрт өзгертті. Әйел боп-боз болып кетті.

Бек сол жерде марқұмның әйелінен жауап алмақ болды. «Оперативтік топ бар, куәлер бар, алса несі бар. Қайта, бұрылуға мұрса бермей, дәл осы кездегі тергеу нәтиже берері анық», – деп ойлады ол. Осыны айтуы мұң екен әйел адвокатсыз жақ ашпайтынын айтты. Ардагер іс бағытын түсінген болар, келініне жиіркенішпен қарап: «Мен адвокат боламын. Лицензиям бар. Қайтыс болған – менің балам. Мынау – менің келінім. Жауабыңды ала бер», – деді.

Тергеуші іске кірісті. Бір сағатқа созылған тергеу нәтижесі Бектің күткеніндей болды. Алғаш «Білмейміннен» басқаны айтпай отырған әйел кәсіп-

кер үйінен алынған бейнематериалмен, апа-жездесінің, Тереңөзектегі жеңгесінің жауаптарын тыңдағаннан кейін бір уақ үнсіз отырды да, жылап жіберді. Әлде үтіктен табылған қан дағы әсер етті ме, әлде жан азабы шыдатпады ма, болған оқиғаны толық жайып алды.

\*\*\*

Иә, сол күні Тереңөзектен кештете шыққан олар қаннен-қаперсіз үйге кірген болатын. Жатын бөлмедегі ыңғайсыздау дыбыстар ағалы-қарындасты екеуіне іштей бұйрық бергендей болып, жүгіре жетті. Келсе...Ой, қасиетсіз-ой, күйеуі бір жас қызбен...

Бұл бара күйеуінің арқасынан, ішінен тырнай тартты. Ол умаждап жатқан көңілдесінің құшағынан шыға көзі қанталай әйелін маңдайдан қойып жіберген болатын. Осы сәт ағасы шыдамай, оң қол жағында тұрған үтікпен күйеуін бастан соқты. Ол оғаштау қисайып, сылқ ете қалды. Содан соң ағасы барды да күйеуінің көңілдесін қылғындыра бастады. Осының барлығы көзді ашып-жұмғанша болды, бір дем алып қараса, екеуінің де денесі жансыз жатыр. Бұдан соң ағасының айтуымен жанталаса барлық іздерді өшірді, шашыраған қан дақтарын жуып алды, әйелді жатын бөлмедегі кілемге ораған ағасы, күйеуін көтеріп апарып, балконнан сыртқа тастап жіберді. Сосын кілемді арқалай машина жүк салғышына салып, Айдарлыға тартып кетті. Жолда толып ағып жатқан канал тұсында тоқтап, оралған кілемге сол төңіректен үлкен-үлкен екі тас байлай суға домалатып жіберді. Бұлар барса апасының үйіндегілер жатып қалған екен.

Бек барлығын хаттамаға түсірді. Үйден шығып бара жатқанда ардагерге көзі түсіп кеткен тергеуші оның шөге түскенін байқады. Иә, бүгін оған аз салмақ түскен жоқ. Қария баласын кінәларын, не келінін кінәларын білмей тұрғандай, көз нұры да бұрынғыдай емес, көмескілене қалған. Иә, Алла осындайыңнан сактай ғор!

Екі күннен соң дайын болған сараптама қорытындысы бойынша лактелген тырнақ марқұмның әйелінікі екендігі, ондағы қан Токтаровтың қаны екендігі, бу шашатын тесіктері бар үтіктің ішкі бетіне жұққан қан да Токтаровқа тиесілі екендігі, көлікте түсіп қалған сақина марқұмның көңілдесінікі екені нақтыланды. Арнайы топ әйелі айтқан межеден канал бойын сүзе, кілемге оралған әйел денесін тапты, мәйіт бұзыла бастапты.

\*\*\*

Департамент басшысындағы кеңесте Бек Ізбасов іс жүргізілген сәттен бастап тергеу туралы барлығын толық баян етті. Кабинет іші тым-тырыс. Бастық та оқиғаның нәтижесі мынадай болып шыққанына сене алмай отырғандай. Бірақ, сенбейін десе, барлығы нақты, дәлелді, құжатталған. Дыбыс-бейне жазбалар жүргізілуі, сол бойынша жұмыс жүргізу заңға сай. Енді не дейді. Бәрінен бұрын оқиғаға прокуратура мен сот қызметкерлерінің арасқанын қайтерсін. Ел не дейді? Бірақ, олар да жұмыр басты пенде ғой, қателесу де, жазатайым қылмысқа бару да олардан тыс болмайды ғой. Бұл бір адам мен адам, адам мен қоғам қатынасындағы күрделі мәселес емес пе?!

Орындық сықрылады, орнынан тұрған бастық: «Жігіттер! Жақсы жұмыс істелді. Қылмыс ашылды. Капитандар Ізбасов пен Дәулетовке және осы жұмысқа көмек берген жігіттерге департамент атынан алғыс айтамын», – деп кеңесті қорытты.

Кейін сотта Бейсенбаев барлығын өз мойнына алды, қарындасы шартты жазаға кесілді. Бұл оқиға Бекке қатты әсер етті. «Неге бұлай болды? Кінә кімде, Токтаровтікі азғындық, алайда соған бола өлтіру... Бірақ анадай жағдайда шыдау да оңай болмас. Асқа келмесе Бейсенбаев бұл оқиғадан сырт қалар еді ғой, кім білген... Негізгі бұл дандайсу, менмендік пен масығудан болар. Әйелі де сұлу, бөденді жан, екі баласы бар.

Тез әрекет еткеніміз мұндай жақсы болар ма. Үтіктің ішін сол жерде аштырғаным қандай онды болды. Ондағы қанды көрмесе әйелдің мойындауы да оңай емес-ау. Апыр-ай, осы біз қайда барамыз?!». Көз алдына Мардан бейнесі елестегендей, бейне «Алланың қаһары, Алланың жазасы осылай болады. Біреуге жасалған қиянат айналып келіп иесін табады», – деп тұрғандай.

Алдажар ӘБІЛОВ

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**  
Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Нөмірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:  
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»  
ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

### МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

**Астана** Айша Құрманғали  
8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев  
8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова  
8 705 398 62 83.  
**Атырау облысы** Бойанбай Ғалиев  
8 775 543 03 80.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл  
8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан  
8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сейітхан Құлмаханбетов  
8 707 721 19 59.  
Шадияр Мекенбайұлы  
87757335665

**Батыс Қазақстан облысы** Нұрлыбек Рахманов  
8 707 177 80 70.

### РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы,  
Х.Досмұхамедұлы көшесі  
68 «б»-үй.  
Қабылдау бөлмесі:  
292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

**E-mail:** [zanreklamaastana@mail.ru](mailto:zanreklamaastana@mail.ru)

«Заң газеті» аптасына 2 рет –  
сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 5527 дана**  
**Апталық таралым 11 054 дана**

Тапсырыс №158 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын ZANMEDIA.KZ сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31